



### ҮЛЕСТІК ҚҰРЫЛЫСТЫҢ ДАУ-ДАМАЙЫ

5-БЕТ | МӘСЕЛЕ



### ҰЛТ САУЛЫҒЫ – МЕМЛЕКЕТ БАЙЛЫҒЫ

6-БЕТ | ҰЛТ ҰПАЙЫ



### ҚОРҒАЛЖЫН ҚОРЫҒЫ

7-БЕТ | ӘЛЕУМЕТ



Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ,  
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ:

Жалпы, Әділетті Қазақстанды құру министрлер мен әкімдердің ғана міндеті емес. Оған бүкіл қоғам болып жұмылуымыз керек. Ал түпкі мақсатымызға жету үшін саяси-экономикалық реформа жасау жеткіліксіз. Ең бастысы, әр азаматтың сана-сезімі жаңғыруы қажет. Халқымыздың дүниетанымы және өмірлік ұстанымдары өзгеруге тиіс. Әйтпесе, басқа реформаның бәрі бекер. Бір сөзбен айтсақ, пиғыл өзгермесе, ештеңе де өзгермейді.

№88  
(4521)

Бейсенбі  
27 шілде  
2023 жыл



# ASTANA

ELORDA  
AQPARAT  
МЕДИА ХОЛДИНГІ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

A Q S H A M Y

1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ



## БИЗНЕС- ИДЕЯЛАРДЫ ҚОЛДАЙДЫ

Астанада жаңа бизнес-идеяларды іске асыру үшін мемлекеттік гранттар алуға өтінімдерді қабылдау басталады.

2021-2025 жылдарға арналған кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі Ұлттық жоба аясында ұйымдастырылған байқауды елордалық Инвестициялар және кәсіпкерлікті дамыту басқармасы өткізеді.

Өтінімдер тек [kezekte.kz](http://kezekte.kz) порталы арқылы онлайн форматта 2023 жылдың 7-16 тамыз аралығында қабылданады.

(Соңы 4-бетте)



## БАЛАЛАР ШЕТЕЛГЕ РҰҚСАТПЕН ЖІБЕРІЛЕДІ

Енді оқушы балаларды шетелге шығару үшін Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің рұқсаты қажет болады. Бұл жөнінде министр Ғани Бейсембаев айтты.

Балаларды шетелге шығармау, бұл ең алдымен, балалардың қауіпсіздігі үшін жасалып жатқан шара деп жазылған ведомствоның баспасөз қызметінің түсініктемесінде.

Енді егер бір топ мектеп оқушылары оқу кезінде даулы шекаралық аумақтары бар елге баратын болса, бұл сапар келісілген болуы керек. Ал жазғы демалыста ата-анасымен бала шетелге (даулы аумақтары жоқ елге) демалысқа шықса, онда бұл сапарды келісу қажет емес.

Білім беру процесі кезінде балалардың даулы шекаралық аумақтары бар елдерге топтық сапарларын үйлестіру алгоритмін Оқу-ағарту министрлігінің Балалардың құқықтарын қорғау комитеті әзірлеген.



## АЗЫҚ-ТҮЛІК ЖӘРМЕҢКЕСІ – ӘЛЕУМЕТТІҢ БЕРЕКЕСІ

Астанада азық-түлік жәрмеңкелерін көбейту арқылы бағаны тұрақтандыру саясаты жүзеге асырылып келеді. Жақында елордалық тауар өндірушілердің қатысуымен тағы бір қалалық жәрмеңке өз жұмысын бастады. Жаңа жәрмеңке «Asia Park» сауда орталығының автотұрақ аумағында күн сайын сағат 09.00-ден 19.00-ге дейін жұмыс істейтін болады. Жәрмеңкеде көкөніс өнімдері, жеміс-жидек және басқа да азық-түліктің кең ассортименти ұсынылады. Сонымен қатар жақында «Джафар» сауда орталығы жанында іске қосылған күнделікті жұмыс істейтін жәрмеңкеде ет бөлімі ашылды.



Бүгін Астанада арбадағы теннистен Қазақстан чемпионаты басталады.

Жарыстың мақсаты – арбадағы теннис спорт түрін елімізде дамыту, қатысушылар арасында үздік спортшыларды анықтап, ұлттық құрама сапына іріктеу.

Паралимпиадалық жарыс «Beeline Arena» теннис орталығында сағат 10:00-де басталады.

Арбадағы теннис елімізде енді дамып келе жатқан паралимпиадалық спорт түрі болып саналады. Бұл спорт түрінен алғашқы ел біріншілігі Алматы қаласында 2022 жылы өтті.



Қазақстанда әскерилер түріктің Анка ұшқыссыз ұшағын сынап көріп жатыр. Бұл жөнінде Қорғаныс министрлігінің ведомстволық басылымы жазды.

Егер сынақтан сәтті өтсе, Анка пилотсыз ұшу аппараты кешені Қазақстан армиясына қабылданады.

«Тесттік ұшулар – қабылдау кезеңінің бір бөлігі. Негізгі міндет – кешеннің, жабдықтың және қосалқы жүйелердің жарамдылығын тексеру. Тәжірибелі әскери кешенді пайдалану 2023 жылдың тамыз айына жоспарланып, 2024 жылдың наурыз айының ортасына дейін жалғасады» деп түсіндіреді ҰҰА жауынгерлік даярлау және қолдану оқу орталығының бастығы полковник Шоқан Мұсабеков.

«ASTANA AQSHAMY» ГАЗЕТІНЕ ЖАЗЫЛУ ЖАЛҒАСЫП ЖАТЫР

ВАЛЮТА  
БАҒАМДАРЫ

€ EUR/KZT 497.8 \$ USD/KZT 443.99 ₸ RUB/KZT 4.89 ¥ CNY/KZT 61.88

@NurSultanNewsBot | t.me/elordainfo

www.astana-akshamy.kz



## ЖАУЫНГЕРЛЕРГЕ ГРАНТ БӨЛІНДІ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Қорғаныс министрі Руслан Жақсылықовты қабылдады. Мемлекет басшысына қорғаныс ведомствосының биылғы бірінші жартыжылдықта атқарған жұмыстарының қорытындысы жөнінде баяндалды. Президент – Қарулы Күштердің Жоғарғы Бас қолбасшысы кезеңдік өзгерістерге негізделген жауынгерлік даярлықтың жаңа форматын және командирлердің басқару қабілетін жетілдіру моделін енгізу жайында есепті тыңдады.

Сонымен қатар Руслан Жақсылықов Қасым-Жомарт Тоқаевқа территориялық қорғанысты нығайтуға қатысты қабылданып жатқан шаралар туралы баяндады. Бұл бағыттағы жұмыстар заңнамалық және практикалық деңгейде жүргізіліп жатыр. Президентке әрдайым жауынгерлік дайындықта болатын бөлімдерді қару-жарақпен және әскери техникамен жабдықтау барысы, сондай-ақ отандық өндірістің мобильді және модульдік компоненттерге көшірілуі туралы мәлімет берілді. Мемлекет басшысына Қарулы Күштердің бітімгерлік қызметі туралы арнайы баяндалды.

Кездесуде әскерге шақырылатын және мерзімді қызметін өтеген азаматтар туралы мәліметтерді цифрлық жүйеге көшіру іс-шаралары жөнінде де айтылды. Ақпараттық жүйелердің жаңғыртылып, олардың басқа мемлекеттік органдардың дерекқорларымен біріктірілуі тіркеу, әскери есепке қою және әскери билеттерді беру қызметтерін электронды форматқа ауыстыруға мүмкіндік берді.

Бұдан бөлек, Руслан Жақсылықов әскерге шақырылатын азаматтарға кредиттік демалыс беру, сондай-ақ білім алуға жеңілдіктер жасау үшін қабылданып жатқан шаралар туралы айтты. Бүгінде 2,5 мың сарбаздың несиесі кейінге шегерілді және әскери қызметін өтеген 1,5 мың жауынгерге жоғары оқу орындарында оқуға орын бөлінді.

Жыл басынан бері мерзімді әскери қызметін өтеп, запасқа шығарылған 700-ге жуық сарбаз жүргізуші, механик, машинист, слесарь, аспаз және басқа да еңбек нарығында сұранысқа ие мамандықтар бойынша білім алды.

Президент аталған бастамаларды, атап айтқанда, Жоғары білім және ғылым министрлігімен бірлесіп, білім алуға жеңілдік беретін квоталар бөлу, мерзімді әскери қызметін өтегендерге мемлекеттік білім гранттарын ұсыну, сондай-ақ олардың заңнамалық тұрғыда бекітілуін жалғастыру мәселесін назарға алды.

Кездесу соңында Қасым-Жомарт Тоқаев Қарулы Күштердің жауынгерлік дайындығын күшейту мәселесіне баса мән бере отырып, бірқатар тапсырма берді.

## ҚАНША ШЕТЕЛ АЗАМАТЫ ЖҰМЫС ІСТЕЙДІ?

Елімізде 1 шілдедегі жағдай бойынша жергілікті атқарушы органдардың рұқсатымен 14 762 шетел азаматы жұмыс істер жатыр. Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің мәліметіне қарағанда, шетел жұмыс күшін тартуға рұқсат берілген санаттар белгіленген.

Атап айтқанда, басшылар мен олардың орынбасарларының қызметіне 537 рұқсат (бірінші санат) берілген. Яғни, қазір елімізде 537 шетел азаматы мекеменің басшысы мен оның орынбасары болып қызмет етіп келеді. Екінші санаттағы құрылымдық бөлімшелердің басшы қызметіне 2 751 рұқсат (екінші санат) етілген.

Сондай-ақ тартылған шетел жұмыс күшін негізгі бөлігі үшінші (мамандар) және төртінші (білікті жұмысшылар) санаттарға жатады. Тиісінше, олар – 6 598 және 833 адам. Маусымдық жұмыстарға 1 940 адам, ал корпоративтік ауыстыру аясында 2 103 адам тартылды. Қазіргі уақытта Қазақстанда шетел жұмыс күшін пайдаланатын 1 751 жұмыс беруші бар. Оларда 433,4 мыңнан астам Қазақстан азаматы жұмыс істейді. Бұл – қызметкерлердің жалпы санының 96 пайызы.



Қытайдан 3 729 адам (25%) еңбек мигранты келген. Өзбекстаннан 1 967 адам (13%), Үндістаннан 1 461 адам (10%), Түркиядан 1 454 адам (10%) келіп, жұмыс істеп жатыр. Ішкі еңбек нарығын қорғау мақсатында

Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі жыл сайын елімізге шетел мамандарын тартуға квота бөледі. Биыл жалпы квота еліміздегі жұмыс күшінің санына қатысты 0,24% немесе 22 260 бірлік мөлшерінде белгіленген.

## ҚҰРАНДЫ ӨРТЕУДІ СЫНҒА АЛДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Солтүстік Еуропаның бірқатар елінде болған Құранды өртеу актілерін сынға алды. Президент Солтүстік Еуропаның бірқатар мемлекетінде болған Құранды өртеу актілерін қазіргі әлемдегі жағдайды шиеленістіруге, халықтар мен мемлекеттер арасындағы сенімге нұқсан келтіруге бағытталған арандатушылық әрекет деп санайды.

Қазақстан – Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының съездерін өткізуге бастамашы болған мемлекет. Бұл форум дәстүрлі діндер мен конфессиялардың көрнекті өкілдері арасындағы тиімді әрі табысты диалог алаңына айналды.

Президенттің пікірінше, жиілеп кеткен діни вандализм мен аталған елдер азаматтарының жауапсыз әрекеті мемлекеттер мен діндердің бейбіт қатар өмір сүруіне кері әсерін тигізеді.

Бұл жалпыға ортақ нормаларға қайшы келетін акциялар ретінде бірауыздан айыпталуға тиіс. БҰҰ Бас Ассамблеясы да бұл мәселеге қатысты өз ұстанымын білдіруі керек.

## КӨЛЕҢКЕЛІ ЭКОНОМИКАҒА ҚАРСЫ ЖОСПАРДЫ БЕКІТТІ

Үкімет көлеңкелі экономикаға қарсы іс-қимыл жөніндегі іс-шаралардың 2023-2025 жылдарға арналған кешенді жоспарын бекітті. Жоспарды Қаржылық мониторинг агенттігі мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп әзірледі. Тиісті қаулыға Премьер-министр Әлихан Смайылов қол қойды.

Жоспар салықтық және кедендік әкімшілендіруді жетілдіруге, тиімді бәсекелестік пен бюджетті бөлуге, халықты заңсыз бизнестен қорғауға және басқа да бағытталған жүйелі шараларды іске асыруды көздейді. Атап айтқанда, іске асырылып жатқан шаралар кедендік тексерулердің тиімділігін арттыруға, кедендік рәсімдерді оңтайландыруға және әкімшілік

құқық бұзушылықтар бойынша қосымша шаралар әзірлеуге мүмкіндік береді. Мәселен, 2025 жылға қарай көтерме және бөлшек саудадағы көлеңкелі айналымды 5%-ға дейін төмендету жоспарланып отыр. 2022 жылы бұл көрсеткіш 6,7% болды. Көлік және қоймалау саласында 2,4% (2022 жылы – 3,2%) көрсеткішке жету жоспар-

ланған. Жоспарды іске асыру бейресми жұмыспен қамтуды азайтуды және заңсыз әрекеттердің жолын кесуді көздейді. Елдің ЖІӨ-дегі шағын және орта бизнестің үлесін 2022 жылғы 36%-дан 2025 жылы 37,5%-ға дейін арттыру жоспарланып отыр. Кешенді жоспар Президенттің сайлауалды бағдарламасын жүзеге асыру шеңберінде әзірленді.

## БАЛАЛАР КОРПУСЫ ЖҰМЫСЫН БАСТАЙДЫ

Жылдың соңында көптен күткен жөндеу жұмыстары аяқталған соң, Т.Шевченко көшесі, 1-үйдегі №4 қалалық емхананың балалар корпусы пайдалануға беріледі. Бұл туралы Астана қалалық мәслихатының төрағасы Ерлан Каналимов ақпарат таратты.

Мәслихат төрағасы Аманат партиясы астаналық филиалының сайлауалды бағдарламасын орындауға бағытталған Жол картасы аясында Ә.Сембинов көшесі, 4/1 үйдегі №8 қалалық емхананың ересектер корпусына күрделі жөндеу жұмыстары, сондай-ақ Ақан сері көшесіндегі 20-үйдегі №5 қалалық емхананың ғимаратына жөндеу жұмыстары аяқталғанын жеткізді.

«Жыл соңына дейін көптен күткен жөндеуден кейін №4 қалалық емхананың Т.Шевченко көшесі, 1-үйдегі балалар корпусы өз жұмысын бастайды. Елордадағы көптеген денсаулық сақтау нысандары шамамен 20-30 жыл бұрын пайдалануға берілген. Бүгінгі таңда барлық медициналық мекемелердегі жөндеу жұмыстары «Астананың денсаулық сақтау жүйесін



дамытудың 2022-2025 жылдарға арналған кешенді жоспарына» сәйкес жүздеген көптеген денсаулық сақтау нысандары шамамен 20-30 жыл бұрын пайдалануға берілген. Бүгінгі таңда барлық медициналық мекемелердегі жөндеу жұмыстары «Астананың денсаулық сақтау жүйесін

Ш.Қосшығұлұлы көшесі ауданында 200 төсектік акушерлік блок салу және Алматы ауданындағы Қобда – Абылай хан көшелерінің қиылысында 250 орындық перинаталдық орталық салу туралы шешім қабылданды» деп жазды Е.Каналимов әлеуметтік желідегі парақшасында.

### ЕЛЕҢ ЕТКІЗЕР

Ауғанстандағы билеуші «Талибан» қозғалысының пәрменімен елдегі барлық сұлулық салондары жабылады.

Оның себебін тәліптер ресми түрде олардың қызметтерінің тым қымбаттауымен, сондай-ақ олардың кейбіреулерінің шарифат заңына қайшы келетіндігімен түсіндірді. Батыс ақпарат құралдарының хабарлауынша, салондардың жабылуы 60 мың жұмыс орнын жоғалтып, онсыз да әлсіз Ауғанстан экономикасына тоқырау әкеледі.



Калифорниядағы су каналдарының бетін күн батареяларымен жауып, одан өндірілген энергия бүкіл Лос-Анджелесті бір жылға жуық уақыт бойы қамтамасыз ететін болады.

Калифорния штаты төртінші жыл қатарынан құрғақшылықты бастан кешуде. Губернатор Джерри Браун тұрмыстық суды пайдалануды 25%-ға қысқарту және энергия қажеттілігін баламалы қуат көздерінен алуға көшуді жеделдету үшін бұрын-соңды болмаған шаралар қабылдауға шешім қабылдады.



Қытай қорғаныс мұражайы қорғаныс мәдени мұрасын одан әрі зерттеу, жинау және қорғау үшін өз елінде және шетелдерде мәдени жәдігерлерді іздеу науқанын бастады.

Бұған Ұлы Қытай қорғанысының құрылысы мен дамуын көрсететін заттар, фотосуреттер, құжаттар мен құрылыс құралдары кіреді. Мұражай сондай-ақ Ұлы Қытай қорғанына байланысты маңызды оқиғаларды, маңызды тұлғаларды және негізгі жұмыстарды құжаттайтын материалдық дәлелдерді де қабылдайды.

## ОҚУ ЖЫЛЫНА ДАЙЫНДЫҚ

Астана қаласы әкімінің орынбасары Есет Байкен қаладағы күрделі жөндеу жұмыстары жүргізіліп жатқан мектептерді аралап, №7, №51 мектеп-гимназиясы мен №53 мектеп-лицейдегі жұмыс барысын тексерді.

Қазіргі таңда қаланың 7 мектебінде күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілуде. Жөндеу жұмыстары жоспарға сай жазғы каникулдың соңына дейін аяқталады. Сондай-ақ ағымдағы жылдың соңына дейін елордада 5 жаңа мектеп, 6 жапсыра салынған мектеп ашылады. Бұл 8 мыңнан аса оқушыны мектепке қабылдауға мүмкіндік береді.

Елордада білім беру саласындағы проблемалардың

бірі – оқушы орындарының жетіспеуі екені белгілі. Қалада 164 мектеп бар, онда 236 мың оқушы білім алып жатыр. Дегенмен, жыл санап оқушылардың саны артып келеді. Қаладағы 18 мектепте бала толып кеткен және 8 мектеп үш ауысымда оқытады. Осы мәселелерді шешу жолында 15 700 оқушыға арналған 11 мектеп салынып жатыр. Оның төртеуі осы оқу жылында пайдалануға беріледі.



## ЖАҢА БАҒДАРҒА 95 АВТОБУС ШЫҒАДЫ

Астана қаласының коммуникациялар қызметі алаңында «Астанада қоғамдық көліктердің жаңартылуы» туралы «№1 Автобус паркі» АҚ басқарма төрағасы Медет Шақаев қаламыздың жаңа бағыттары бойынша 95 автобус қатынайтынын айтты.



«№1 Автобус паркі» елорданың бүкіл маршруттық желісінің шамамен 70 пайызын қамтиды яғни, 38 қалалық маршрутқа және 28 қала маңындағы маршруттарға қызмет көрсетеді. Iveco, Yutong маркалы ыңғайлы автобустардан тұратын парк гаражы 673 бірлікті құрайды. Кәсіпорында 1 472 қызметкер жұмыс істейді, оның 1 013-і – жүргізушілер.

Кәсіпорын Астанадағы халық санының артуына байланысты қазіргі уақытта автобустардың тапшылығын жоюды көздеп отыр. Маршруттық желіні жаңғырту шеңберінде Мемлекет басшысының, Астана қаласы әкімінің тапсырмасы бойынша биыл кәсіпорынға Yutong маркалы 320 автобус сатып алу жоспарда бар, оның

ішінде 20-сы – 18 метрлік электр автобустары және 40-ы 18 метрлік дизельді автобустар. Сондай-ақ жеке тасымалдаушылар 80 автобус сатып алуды жоспарлап отыр. 2024 жылы тағы 100 автобус сатып алынады. «№1 Автобус паркі» АҚ басқарма төрағасының айтуынша, жолаушыларға қызмет көрсету сапасын жақсарту бойынша бірқа-

тар кешенді іс-шаралар жоспарланған.

– Қазіргі уақытта 20 бірлік көлемінде 18 метрлік электр автобустары сатып алынды. Бұл көліктер желіге №10 маршрутқа шығарылды. Бұрын №10 маршрутта жұмыс істеген 18 метрлік автобустар жолаушылар ағынын ескере отырып, 7, 44, 61 (Жағалау ш.м.), 24 (Өндіріс тұрғын алабы (Орман зауыты), 9, 29 (Интернациональный кенті) маршруттарына жіберілді, – деді ол.

Сондай-ақ 200-ден астам автобус жүктемені азайту және тұрақты қозғалыс аралығын қамтамасыз ету үшін барлық маршруттардағы кестелер қоғамдық көліктің санын көбейтуге жұмсалды. Яғни, қаланың барлық аудандары қамтылады.

Елорда халқының өтіншістерін ескере отырып, биыл жаңадан 6 маршрут ашу жоспарланып отыр, онда салынып жатқан жаңа аудандарға, автобустар жоқ немесе жетіспейтін проблемалық учаскелерге қызмет көрсетуді қамтамасыз ету үшін 95 автобус бөлінетін болады.

## КӨПІРГЕ ДЕ СЫЗАТ ТҮСІРМЕЙІК

Елордадағы Атырау көпірінде «Астана жастары» волонтерлері қаланың көрікті жерінің көрінісін бұзатын граффитиді тазалап шықты.

Іс-шара елордалық Нұра ауданы әкімдігінің бастама-сымен өтті.

– Атырау көпірінің пайдалануға берілгеніне бес жыл болды, бұл – елорданың ғана емес, бүкіл елдің мақтанышы. Мұны бағаламайтындар көпірдің жақтауларын жаман суреттермен шимайлап тастаған. Олар мұнысымен өздері жайлы «естелік» қалдырды деп санайтын шығар,

бірақ, шын мәнінде, кейінгіге ізін қалдырушылар – өз қаласына қамқорлық жасайтын, оның бет-бейнесіне бейжай қарамайтын жастар, – деді Нұра ауданы әкімінің орынбасары Әлия Әбсеметова.

Оның айтуынша, қаланың коммуналдық қызметтерінің күш-жігері мәселені шешу үшін жеткіліксіз. Ол үшін қала тұрғындары да атсалысып, бүтінді бүтдіріп



жатқандардың алдын алып, тиісті орындарға хабарлап, мүмкіндігінше қаламыздың

көрікті келбетіне сызат түсіне жол бермеуге тырысуы тиіс.

Елорданың №2 қалалық көпсалалы аурухананың бұрынғы басшысы Иван Лиді еске алу іс-шарасы өтті. Майталман маманның құрметіне медициналық мекеме ғимаратының қасбетіне мемориалдық тақта орнатылды.

## МАЙТАЛМАН МАМАНҒА – МЕМОРИАЛДЫҚ ТАҚТА

Иван Ли Астананың медициналық ұйымдары арасында денсаулық сақтау саласының ең тиімді менеджері ретінде «Алтын шипагер» медициналық сыйлығымен және азаматтардың денсаулығын сақтау саласы бойынша қажырлы еңбегі үшін «Құрмет», «Парасат» ордендерімен, «Денсаулық сақтау ісіне қосқан үлесі үшін» төсбелгісімен марапатталған.

«Иван Иванович Ли аурухана қызметкерлері үшін ғана емес, Қазақстанның медицинасы үшін талантты басшының үлгісі болды. Ол өмірден өткенде біз үлкен ағамыздан, құрметті адамнан айырылғандай болдық» деді мемориалдық тақтаның ашылу рәсіміне қатысқан Астана әкімінің орынбасары Ерлан Бекмурзаев.

«Біз ұзақ уақыт бірге қызметтес болдық, оның көптеген тың идеялары бар еді. Бәрін соңына дейін

жеткіземіз деп үміттенемін.

Бір кездері ол аурухананың деңгейін жоғары деңгейге көтерген. Өзі ісінің кәсіби маманы Иван Иванович әрқашан адамзатқа, өз кәсібіне деген адалдықтың үлгісі болған және болып қала береді» деп атап өтті Астана қаласы Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасының басшысы Тимур Мұратов.

Пандемия уақытында №2 қалалық көпсалалы аурухана алғашқылардың бірі болып КВИ-мен күресудің үлкен жүктемесін қабылдады.

Аурухананың бас дәрігері Иван Лидінің басшылығымен COVID-19 бойынша алғашқы мобильді талдау пункттері ашылды. Ол пациенттерді өзі қабылдап, тексеруден өткізді. Коронавируспен күрестің бел ортасында 2020 жылдың 25 шілдесі күні 60 жасында Иван Иванович Ли қайтыс болды.



## 100 МЫҢ АДАМ ТЕГІН ЖҮРЕДІ

Биыл халықтың әлеуметтік осал топтары санатындағы 100 мың адам қоғамдық көлікте тегін жол жүреді. Бұл тармақ – Amanat партиясы елордалық филиалының сайлауалды бағдарламасын орындау бойынша Жол картасының басымдықтарының бірі. Бұл туралы Астана қалалық мәслихатының төрағасы Ерлан Каналимов мәлім етті.

«Сонымен қатар, 2023 жылы 400 заманауи автобус сатып алу көзделген, оның 55-і Астанаға келіп, маршруттар бойынша бөлінді. Сондай-ақ жолаушыларға ыңғайлы болу үшін 2 қосымша автобус жолағын енгізу көзделген. Қазіргі уақытта қоғамдық көліктің маршруттық желісін жаңғыр-

ту жалғасуда (жол төсемін, аялдама және соңғы пункттерді, сондай-ақ бағдаршам объектілерін жайластыру). Сонымен қатар, 2023 жылдың соңына дейін елордада шамамен 34 шақырымды құрайтын 50 көше жөнделеді» деп жазды Е.Каналимов әлеуметтік желідегі парақшасында.

Қырғызстанда энергетика саласында 2023 жылдың 1 тамызынан бастап 2026 жылдың 31 желтоқсанына дейін төтенше жағдай енгізілді.

Бұл елдің Нарын өзеніндегі су қорымен және энергия тұтынудың жылдам артуы жағдайында генерациялаушы қуаттардың жетіспеушілігімен байланысты дағдарыстан шығу бойынша шұғыл шаралар қабылдау мақсатында енгізіліп отыр. Бүгінде электр қуатының тапшылығы шамамен 3 миллиард киловатт-сағатты құрайды.



Франция келесі жылы Парижде өтетін жазғы Олимпиада ойындарына арналған олимпиадалық алаудың дизайнын таныстырды.

Құрылған құйылған факелдің ұзындығы – 70 см, салмағы бір жарым келі тартады. Париж-2024 алауы Грекиядағы Олимпиада 2024 жылдың 16 сәуірінде жағылды. Алау эстафетасы Олимпиада ойындарының ашылу салтанаты алдындағы 68 күн бойына жалғасады. Өндірістің әсерін азайту үшін компания алдыңғы ойындарға қарағанда бес есе аз, бар болғаны 2000 факел шығарады.



# ҮЙ АУЛАСЫ – ӘЛЕУМЕТТІҢ АЙНАСЫ

Астана қаласы мәслихатының депутаттары Есіл және Нұра аудандарындағы аулалар мен қоғамдық кеңістіктерді аралап, тұрғындардың талап-тілегін білді.

**Нұрлат  
БАЙГЕНЖЕ**

## «ПРИГОРОДНЫЙ» ШЕТ ҚАЛМАСЫН

Делегацияны мәслихат төрағаны міндетін атқарушы Асқар Смағұлов бастаса, құрамында депутаттар Рахмет Тәжімұратов, Кендебай Адамбеков, Ерлан Дәкенов, Бекзат Жолжақсынов, Арсланбек Мағзұм, Баһаргүл Төлеген, Мәдина Әжікенова болды. Алдымен халық қалаулылары Есіл ауданындағы «Қуаныш» тұрғын үй алабына барды. 2018 жылы халықаралық әуежайға жақын маңдағы тұрғын үй кешені пайдалануға берілді. Құрылыс компаниясы салған ойын алаңындағы құрылғылар – әткеншек, сырғанақ және тағы басқасы ескіріп, сыны кетіпті. Мұны осы үйдің тұрғыны Фатима Боятжанова айтып берді.

– Қалалық жерде балалар төрт қабырғада тығылып, смартфонға қарап отырғанша, далада ойнағаны жақсы. «Қуаныш» тұрғын үй кешенінде тұратын 100-дей бала көрші үйлердің алаңына барып ойнайды. Немеремізді ертіп біз де барамыз. Бірнеше жылдан бері ауланы жөндеп, футбол алаңын салуды ұсынып жүрміз. Әзірге өтінішіміз аяқсыз қалуда, – деді қала тұрғыны.

Орталық пен қаланың шеткі бөлігінде өмір сүруге теңдей жағдай жасау – атқарушы билік алдындағы негізгі міндеттің бірі. Инженерлік желі құрылысы, газдандыру, жаңа жолдар салу мен жарық шамын орнату, балалар ойын алаңын жаңалау немесе жаңадан салу керек.

Депутаттар бұл бағыттағы жұмыстар Байқоңыр және Алматы ауданында жүйелі жүргізіліп жатқанын көрді. Есіл ауданында бұл бағыттағы жұмыстың қарқыны қалай? Бұл туралы аудан әкімінің орынбасары Елнар Уахитов баяндады.

– Биыл 11 ауланы абаттандыру жоспарланды. Оның 7-інде ағымдағы жөндеу жұмысы жүргізіліп, 4-еуі аяқталды. Әсіресе футбол, волейбол, баскетбол және гимнастика алаңын салуға мән бердік. Сондай-ақ балалар жарақат алмайтындей қауіпсіз спорттық тренажерлерді, резеңке жабындысы бар ойын алаңы пайдалануға берілді. Есіл ауданында бюджет мүмкіндігіне қарай 36 үйдің ауласын жаңарту, жаңғырту жұмысын жүргізу жоспары бар. «Қуаныш» тұрғын үйінің ауласы мердігер компанияның есебімен салынды. Тұрғындардың талабы орынды, ойын алаңының тозығы жетті. Келесі жылы жөндеу жұмысын



жүргізуді жоспарлап отырмыз, – деді әкімнің орынбасары.

Депутаттар шаһардың шеткі аудандарында интернет қалай ұстайтынын, қоғамдық көлік қатынасы, жарықтандыру деңгейі, білім беру және денсаулық сақтау мекемелері тұрғындарға жеткілікті ме деген сұрақ қойды. Салаға жауапты басшы интернет мәселесі бар екенін жасырмады, өзге бағыттарда жүйелі жұмыс қалыптасқанын айтты.

Келесі нысан – Пригородный шағын ауданындағы «Оңтүстік» тұрғын үй кешенінде жалғасты. 2022 жылы балалар ойын алаңы ағымдағы жөндеу жұмысы жүр-

лерін жөндейтіні болады.

## АУЛА КЛУБТАРЫ КЕРЕК

Бағдарламаға сай депутаттар «Уют» тұрғын үй кешенінің ауласында жүргізілген жұмыспен танысты.

Бізді тұрғын үй кешенінде құрылған меншік иелері бірлестігінің басшысы Галия Махамбетова қарсы алып, өз қуанышын білдірді.

– Аудан басшыларымен кездесуде тұрғындар ойын алаңын жаңартуды үнемі талап ететін. Біздің өтінішке назар аударған басшыларға алғыс білдіреміз. Мұнда 504 пәтер бар. Аулаға күнделікті 200-250 бала ойнайды. Балалар

лауда әрбір жобаның маңызын саралап, кейбірін кейінге шегеріп, бюджеттен 26 ауланы жөндеуге қаржы бөлдiк. Шiлде айында тағы қосымша 50-ге тарта аулада жөндеу жұмысын жүргізуге қаржы қарастырдық. Сөйтіп, қаланың оң және сол жағалауына бірдей жағдай жасауды басымдық еттік.

Алаңдардың жаңарғаны жақсы. Алайда балалардың тек ойын ойнайтын алаң ретінде қарамай, ұлттық тәрбие орталығы ретінде қарастыру маңызды. Әсіресе үлкенді сыйлау, кішіге ізет көрсету сынды адамгершілік қасиеттерді сіңіру керек. Осы бағыттағы жұмысты жүйелейтін «Аула клубы» құрылса, – деді мәслихат депутаты Кендебай Адамбек.

## НҰРА АУДАНЫ ДА – НАЗАРДА

Кейін мәслихат депутаттары Нұра ауданына қарасты «Памир» тұрғын үй кешеніне барды. Бұл аулада ағымдағы жөндеу жұмысы шеңберінде балалар ойын алаңын салу, жарықтандыру, аула мен автұрақты асфальттау жүреді.

Нұра ауданы әкімдігі абаттандыру бөлімінің басшысы Мадияр Жағалбайлының сөзінше, аудан аумағында 330 аула бар. Оның басым көпшілігі 8-9 жылдан бері пайдаланып келе жатқандықтан, ескіріп, тозығы жетті. Келесі жылы бюджеттің мүмкіндігіне қарай аулалар мен алаңдар жөнделеді. Биыл 4 аула алаңы жаңартылады.

Мамыр айында жаңадан құрылған ауданда атқарылатын жұмыс аз емес. Әсіресе әлеуметтік инфрақұрылым – мектеп, балабақша, емхана, аурухана құрылысын жүргізу және қала тұрғындарының бос уақытын жайлы өткізетін жаяу жүргіншілер жолы мен саябақтар, спорт алаңдарына сұраныс бар. Бұл – Президенттің талабы. Бұл – қала тұрғындарының тілегі.

Астана қаласы мәслихаты төрағасының міндетін атқарушы Асқар Смағұлов бір күндік жұмысты қорытындылап:

– Қалада ойын алаңдарына деген қажеттілік бар. Қазір жасөспірімдерді лагерьмен қамтып, жазғы демалысын мазмұнды өткізуді ұйымдастыру маңызды. Мұндай жағдай әрбір аулада атқарылуы дұрыс. Мәслихат депутаттары осыны ескіріп, тұрғын үйлердің ауласын жөндеуге қаржы бөлуді қолдады. Бұған дейін Байқоңыр және Алматы ауданындағы аулаларды көрдік. Енді Есіл және Нұра ауданына назарға алып, сайлаушылармен кездесіп, негізгі мәселелерді білдік, – деді.



гізіліп, жарақаттан қорғайтын резеңке жабындысымен жабылды. Мұндай материал қатты ыстыққа да, суыққа да төзімді, бөрінен бұрын суды жинамайды.

Халық қалаулылары бюджет есебімен жаңарған шағын футбол алаңы мен спорттық тренажерлерді күтіп ұстауға кім жауапты екенін сұрады.

Елнар Уахитовтың сөзінше, «Тұрғын үй қатынастары туралы» Заңында аулалар мен алаңдарды күтіп ұстау механизмі жан-жақты қарастырылмаған. Заң бойынша Меншік иелері бірлестігі де (ОСИ), пәтер иелерінің кооперативі де (КСКА) аулалар мен алаңдарды күтіп ұстауды өз теңгеріміне ала алмайды. Сондықтан әкімдік өз бақылауына алып, бұзылған жер-

ойын арқылы жетіледі. Аулада балалар жүгіріп, секіріп ойнауға жан-жақты мүмкіндік қарастырылды. Балалардың қауіпсіздігі үшін бейнебақылау камерасын іске қостық. Кешкісін ересектер де жиналып, әңгіме-дүкен айтып, сөйлесіп, салауатты өмір салтымен айналысады, – деді қала тұрғыны Галия Махамбетова.

Депутаттар аула мәселесімен ғана шектеліп қоймай, тұрғын үйдің сыртын қаптаған плитканың қауіпсіздігін сұрады. Жел тұрған күндері керамикалық плитканың құлайтынын, қауіпсіздік үшін тұрғындар өз қаржысының есебімен альпинист мамандарды шақырып, плитканың бекітетінін жеткізді.

– Ойын арқылы баланың физикалық күші артады, әрі зеректілігі мен тапқырлығы шыңдалады. Бастысы, ұйымдастырушылық дағдысы қалыптасады. Осы себепті жеткіншектердің алаңсыз ойнауы үшін жан-жақты жағдай жасау керек. Мұны көп кешіктірмей шешу маңызды.

VIII шақырылымдағы депутаттар жұмысқа кіріскен сәтте осы мәселеге мән берді. Сәуір айында өткен бюджетті нақты-

## БИЗНЕС- ИДЕЯЛАРДЫ ҚОЛДАЙДЫ

Астана қаласының Инвестициялар және кәсіпкерлікті дамыту басқармасы жаңа бизнес-идеяларды іске асыру үшін мемлекеттік гранттар алуға өтінімдерді қабылдау басталатынын хабарлайды.

Бұл 2021-2025 жылдарға арналған кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі Ұлттық жоба аясында ұйымдастырылатын байқау болады.

Өтінімдер тек kezekte.kz порталы арқылы онлайн форматта 2023 жылғы 7-16 тамыз аралығында қабылданады.

Өз қызметін экономиканың басым секторлар шеңберінде жүзеге асыратын, мемлекеттік грант алу үшін өңірлік үйлестірушіге жүгіну кезінде мемлекеттік тіркелуді 3 жылға дейінгі жеке кәсіпкер немесе заңды тұлға ретінде тіркелген (әлеуметтік кәсіпкерлік субъектілерінің тізіліміне енгізілген әлеуметтік кәсіпкерлік субъектілері ғана) кәсіпкерлер гранттар беруге конкурстық іріктеуге қатысушылар бола алады.

Жаңа бизнес-идеяларды іске асыру үшін бизнес-жобаның міндетті шарттары белгілі болды. Мемлекеттік гранттар мынадай кәсіпкерлерге берілмейді:

1) қайта ұйымдастыру, тарату немесе банкроттық сатысындағы, сондай-ақ қызметі Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес тоқтатыла тұрған;

2) салықтар мен мемлекеттік бюджетке басқа да міндетті төлемдер бойынша берешегі бар;

3) жылжымайтын мүлікте жалға беру қызметінің негізгі түрі болып табылатын;

4) мемлекеттік грант алуға өтінім беру кезінде ұсынылатын мемлекеттік грант көлемінің кемінде 20% мөлшерінде бизнес-жобаны іске асыруға арналған шығыстарды қоса қаржыландыруды растамаған (бизнес-жобаға қатысатын ақшалай қаражатпен, жылжымалы/жылжымайтын мүлікпен);

5) мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушылары тізіліміндегі;

6) конкурсқа қатысушының кредиттік тарихына сәйкес қаржылық міндеттемелері бойынша мерзімі өткен берешегі бар;

7) осы Мемлекеттік гранттар беру қағидалары шеңберінде мемлекеттік гранттар беру бойынша қолдау алғандарға (оның ішінде «Бизнестің жол картасы – 2025» бизнесті қолдау мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасы және «Бизнестің жол картасы – 2020» бизнесті қолдау мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасы қолданылу кезеңінде);

8) конкурс өткізілетін өңірге сәйкес келмейтін басқа өңірде тіркелгендерге және бизнес-жобаны іске асыруды жоспарлап отырғандарға берілмейді.

Конкурстық комиссия өтінімдерді қарау кезінде мынадай өлшемшарттар негізінде (оның ішінде осы мемлекеттік гранттар беру қағидаларына 6-қосымшада көрсетілген бизнес-идеялар шеңберінде кәсіпкердің жобасын бағалау өлшемшарттарын басшылыққа ала отырып) жаңа бизнес-идеяларды іске асыру үшін мемлекеттік грант беру мүмкіндігі/мүмкін еместігі туралы шешім қабылдайды:

1) бизнес-идеялардың жаңашылдығы;

2) бизнес-жобаның бәсекеге қабілеттілігі (нарықтық қажеттілікті пысықтау – маркетингтік талдау);

3) бизнес-жобаның қолданысқа енгізуге дайындығы (өндірісті ұйымдастыру мәселесін пысықтау, жобаны орналастыру үшін үй-жайдың, өткізу нарығының болуы, өндірісті іске қосу үшін жобаның әзірлік деңгейі).

Бұл ретте бизнес-идеяның жаңалығы критерийіне орай (республикалық маңызы бар қалаларда, астанада) тауарлар шығаруды, қызметтер көрсетуді, жұмыстарды орындауды, жаңа немесе жетілдірілген технологияларды қолдануды көздейтін жобалар жатады.

Толығырақ ақпаратты 55-69-21, 55-69-03, 55-69-10, 55-69-19 телефондары арқылы алуға болады.



**P.S:** Бір жылда Президент екі рет Астана қаласын дамыту мәселелері жөнінде кеңес өткізіп, шаһар басшысына нақты тапсырма берді. Яғни тұрғындарға жайлылық тудыратын аулалар мен алаңдарды талапқа сай ету. Осы бағыттағы жұмыстарды көріп, астаналықтардың қуанышын сезіндік, проблемаларын да біліп қайттық.

Таңатар  
ТӨЛЕУҒАЛИЕВ

## ЖАҒДАЙ КҮРДЕЛІ, БІРАҚ...

Бұл жерде мәселе көп. «Жыласаң тағы сабаймын» демекші, осы төңіректің әңгіме елордада бірнеше жылдан бері айтудайын-ақ айтылып келеді. Алайда көпшілік айттып, наразылық білдіріп, айқай-шу көтерген сайын осы саланың мүмкіндіктерін барынша пайдаланып, «үріп ішіп, шайқай төгіп жүрген» мырзалар заңсыздықтарын одан сайын өршіте түсуде.

Қазір қалада «Mars Project» ЖШС, «Aiz Kurylys» ЖШС, «Русалдинг Line» ЖШС, «Билдинг компани» ЖШС, «Expert Consulting Agency Kazakhstan» ЖШС, «Тауекел Инжиниринг» ЖШС, «Global Millennium» ЖШС, «Handan-Astana» ЖШС, «Oreol-Group», тағы басқа да компаниялар 76 нысанның құрылысын заңсыз жүргізіп келгені анықталды.

Қазақстан Республикасының Бас Прокуратурасы азаматтардан үлестік құрылыс үшін заңсыз ақша жинайтын алақол құрылыс салушыларды қылмыстық жауапкершілікке тартатын қазіргі қылмыстық кодекске жаңа бап енгізуді ұсынады. Өйткені Бас прокурор Берік Асылытовтың айтуынша, заңдық тұрғыдан тыйым бола тұрса да, қалталарын қамптитып, есіріп алған белгілі олигархтар «нәлдік циклда» деген өздерінің тұжырымдамасын насихаттап, тұрғындардан үлестік құрылысқа ақша тартуларын тоқтатпай тұр.

Жағдайдың күрделіленіп бара жатқанынан болса керек, маусым айында Қазақстан Республикасы Парламентіне хат жолдаған Бас прокурор депутаттарға үш ұсыныс түсірді. Бірінші, үлестік құрылыс туралы заң талаптарын бұзғаны үшін айыппұл мөлшерін 300-ден 2000 айлық есептік көрсеткішке дейін көтеруді немесе бірден лицензиясыннан айыруды ұсынды. Екінші, заңды аяқаста еткен құрылыс салушылардың банкідегі есеп шоттары мен дүние-мүліктерін бұғаттап, қызметтерін шектетілуін талап етті. Үшінші, қылмыстық кодекске үлестік құрылысқа ақша тартқаны үшін қылмыстық жауапкершілікке тартатын арнайы бап енгізілуді сұрады.

Бұл енді тек бүгін айтылып жүрген сөз емес. Үлестік құрылыс мәселесі үкіметтің бас ауруына айналғанына қанша уақыт болды. Әуірімдеп бірін шешсе, екіншісі шығып жататын таусылмайтын түйткілге айналуда.

Осыған байланысты Берік Асылыов 2014 жылдан бері қолданылып келе жатқан Ресейдің тәжірибесіне иек артқанды жөн көреді. Онда үлестік құрылыс салушыларға заңды рұқсаты болмаса да ақша жинап, алдағын құрылыс басшыларын қылмыстық жазаға тартады. Үш миллион рубльден асатын көлемде үлестік құрылысқа ақша жинап, құрылысын ұзаққа созып жіберсе, бір жылға бас бостандығынан айырады. Ал осы әрекетті ұйымдасқан адамдар тобы жасаса, әрі шығын 5 миллион рубльден асатын болса, бес жылға соттайды. Егер жұршылықты алдаған адам қателігін толық мойындап, үлестік құрылысқа ақшасын толық көлемде қайтарса, немесе үйін салып берсе ғана қылмыстық жауапкершіліктен құтылады.

Бірақ бізде Ресейге қарағанда жағдай сәл басқашалау. Бізде кешенді көпқабатты үйлер салып, үкімет белгілеген тұрғын үй бағдарламасын сәтті жүзеге асырып жатқан құрылыс компаниялары саусақпен санарлық. Қаңтар айындағы Астана қаласын дамыту мәселелері жөніндегі кеңейтілген кеңесте Мемлекет басшысы атап көрсеткендей, әрине, алдап-арбауға, сапасыз үй салуға мүлде жол беруге болмайды. Алайда сонымен қатар тұрғын үй салу қарқынын да еш төмендетпеген жөн.

### ҚАРҚЫН БӘСЕҢДЕМЕСІН

«Құрылыс саласында қордаланып қалған күрделі мәселелердің легі үлкен органы ойландырып отыр. Осы төңіректе біраз бас қатырған қала әкімдігі инженерлік инфрақұрылымның жетіспеушілігінен тұрғын үй салу қарқынын бірте-бірте бәсеңдетуді



# ҮЛЕСТІК ҚҰРЫЛЫСТЫҢ ДАУ-ДАМАЙЫ

Еліміздің бас қаласында тұрғын үй нарығындағы жағдай көңіл көншітпейді. Оны қаңтар айында өткен Астана қаласын дамыту мәселелері жөніндегі кеңесте Мемлекет басшысы да атап көрсетті. «Төрт мыңға жуық үлестік құрылыс мәселесі әлі күн тәртібінен түспей тұр. Қазір Астанада рұқсат етілген құжаттары жоқ 90-нан астам тұрғын үйдің құрылысы жүріп жатыр. Құрылыс компаниялары жай ғана мардымсыз айыппұл төлеп, азаматтардан ақша тартуын доғарар емес. Үкімет мемлекеттік реттеу шараларын қатаңдатқаны жөн. Бұл жұмысқа Қаржылық мониторинг агенттігі атсалысуы тиіс» деген еді Президент.



Биыл қаңтар айынан бастап инженерлік желілері жоқ және Бас жоспарға сай емес құрылысқа жаңа рұқсаттар берілмейтінін атап өтті. Сонымен қатар, егер қандай да бір құрылыс компаниясы құрылысты техникалық шарттардың толық пакетінсіз жалғастырса, құрылыс учаскелеріндегі жұмыс толығымен тоқтатылады және компаниялардың «қара тізіміне» енгізіледі

ұсынады. Алайда үкіметтегілер бұған келіскен жоқ. Елордада сәбилердің дүниеге келу көрсеткіші жоғары. Оның үстіне ішкі көші-қон ағыны жыл сайын үдеп барады. Осыны ескерген Президент те «егер біз құрылыс қарқынын төмендетуге мүмкіндік беретін болсақ, 30 мың адам жұмыссыз қалуы мүмкін. Сондықтан қаланы жүйелі түрде дамыту жоспарын пәрменді қолға алу керек. Меніңше, қазір осыған дендеп көңіл бөлу жағы жетіспей жатыр. Соны жандандыру маңызды» деп нақты тапсырмалар бергенді.

**ЕЛОРДАДА ЖЫЛ БАСЫНАН БАСТАП 1 МЛН 215 МЫҢ ШАРШЫ МЕТР ТҰРҒЫН ҮЙ САЛЫНҒАН. ЖЫЛ СОҢЫНА ДЕЙІН 3 МИЛЛИОН ШАРШЫ МЕТРДЕН АСА ТҰРҒЫН ҮЙ САЛУ ЖОСПАРЛАНЫП ОТЫР. БҰЛ – ШАМАМЕН 40 МЫҢ ПӘТЕР, ОНЫҢ ІШІНДЕ 6 МЫҢ ПӘТЕР МЕМЛЕКЕТ ТАРАПЫНАН ХАЛЫҚТЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК ОСАЛ ТОПТАРЫНА БЕРІЛЕДІ**



Жасыратыны жоқ, үлестік құрылыс арқылы баспаналы болған отандастарымыз көп. Әрі бұл дайын үйлерді сатып алғанға қарағанда анағұрлым арзанға түсетіні де мойындау керек. Сондықтан оған деген халық арасында сұраныстың артып отырғаны да айтпасқа болмайды. Біріншіден, іргетасынан бастап қатысатын болғандықтан, таңдау мүмкіндігі жоғары. Қалаған қабаттың қалаған пәтерінді таңдай аласың. Екіншіден, пәтер құнын бөліп төлеу мүмкіндіктері беріледі. Сондықтан құрылыс салушылардың кәсібилігімен қатар ашықтығы, адалдығы да өте маңызды. Бұл жерде жеті рет өлшеп, бір рет шешім қабылдау керек. Әйтпесе, құрылыс салынып, үй қабаттары өскен сайын пәтер бағалары да көтеріле береді. Құрылыс фирмасының беделі, атақ-абыройы, тәжірибесі, үлестік құрылыс түскен ақшаны тиімді де мақсатты жұмсай білуі де аса маңызды. Әйтпесе, мынадай бағаның құбылмалы заманында қиындыққа тап болуы да әбден мүмкін.

### ҚАТАҢ ҚАДАҒАЛАУ ҚАЖЕТ

Елодада өткен жылдарда бір құрылыс салушы компания жер телімін сатып алып, үй салуға кіріскен. Әрі пәтерлерді іргетасын қаламай жатып, үлестік құрылыс нарықтан анағұрлым арзан бағамен бөліп бере бастаған. Клиенттер тек болашақ баспаналарының сұлбасын ғана қағаз жүзінде көрген. Бірақ пәтер сатып алуға тілек білдірушілер саны мың адамнан асып кеткен. Құрылыс басшылығы олармен алдын ала сату-сатып алу келісімшартын жасасып, ақшаларын алып қойған. Енді мына қызықты қараңыз, кейбір адамдар екі-үш пәтерден алып, барлық үй түгел сатылып кеткеннен кейін жер телімін алғаш сатқан адам жер телімін қайтаруын сұрап келісімшартты бұзу жөнінде құрылыс компаниясын сотқа берген. Нәтижесінде сот жасалған мәмілені заңсыз деп тауып, бірінші иесіне қайтарған. Ол сол жер телімін басқа бір құрылыс фирмасына одан да қымбат бағаға қайта сатып жіберген. Ал үйге жаңадан ие болған құрылыс компаниясы сол пәтерлерді басқа адамдарға қайтадан сатып, алғашқы ақша салған үлестік құрылыс далада қалған.

Міне, заңдық тұрғыдан мықты сауаты жоқ азаматтар кейде осындай келеңсіздікке ұшырап қалып жатады.

– Адамдардың әлі салынбаған пәтеріне ақша төлеуі көптеген қылмыстық жағдайларға әкеліп отыр. Сондықтан құрылыс салушылармен мемлекет үлестік келісімшартқа отырып, тиісті лицензия бермей, азаматтардан ақша тартуына қатаң тыйым салу керек, – дейді заңгер Асқар Өтепов.

Ал бұл тұрғыда, Қазақстан құрылысшылары қауымдастығының президенті Виктор Микрюковтың пікірі басқаша. Оның ойынша, құрылысшыларды қылмыстық жауапкершілікпен қорқыту онша жақсылыққа апармайды. Біріншіден, жан-жақтан қысым жасай бергені олар бұл саладан кетіп қалуы мүмкін. Құрылыс бизнесі деген оңай шаруа емес. Онымен айналысатындар жандарын шүберекке түйіп жүріп еңбек етеді. Бұл жерден кінәрат іздесе аяқты аттаған сайын кемшілік табуға болады. Расы керек, мерзімінен кешіктірсе де, артық-кемі болып жатса да үлестік құрылыс елордада пәтерлерін алып жатыр ғой. Ал осы құрылысты салушылар жаппай нарықтан кетіп қалса не болар еді? Сондықтан үлестік құрылысқа ақшасына үй салушыларды сәл кемшілігі үшін жауапқа тарту жағдайды қиындата түсуі мүмкін екен.

Көріп отырсыздар, әркімде әртүрлі пікір бар. Біреулер үлестік құрылысты қатаң бақылауға алып, алақол құрылысшыларға қылмыстық жаза енгізу керек десе, екіншісі, оған асықпауды сұрап, қолма-қол ақшасыз үй салу мүлде азайып кетуі мүмкін деп қауіптенеді. Шындығында, халық әділетсіз, тек қалтасының қамын ойлайтын құрылыс салушылардан жан-жақты қорғалмаған. Сондықтан құрылыс органдар тарапынан үлестік құрылысқа ақша тартушыларды мәселесін әлі де заңдық тұрғыда нақтылап, қадағалауды қатайта түскен дұрыс болар еді.

№88 (4521) 27/07/2023 Бейсенбі

– Бұл саланың даму барысын майталман маман ретінде де, сала тірлігіне тікелей араласқан экс-министр ретінде де жақсы бағамдап білесіз. Саланың қандай жетістіктері мен мәселелерін атап айтар едіңіз?

– Егемендік алғаннан кейін қай бағытта дамымыз деген үлкен сұрақ тұрды. Қазақстан дамыған 30 елдің қатарына өтуге ұмтылуға шешім қабылдады. Ал ол мемлекеттердің бәрінде нарықтық экономика еді. Бізде де нарықтық экономика жолын таңдауға елдің бәрі қолын көтерді. Сол бағытта дамитын болғаннан кейін олардың бүкіл тәжірибесін алуға тура келді. Кейбір тұстары бізге сәйкес келсе, кей тұсы сәйкес емес. Тәуелсіздік алғаннан кейін дәрі-дәрмек жетіспеді, туберкулез, қант диабеті сынды аурулар өршіп тұрды, қатерлі дерттерге қарсы екпе жасау қаржының тапшылығынан мүмкін болмады. Осының салдарынан адамдардың өлімі артты. 1998 жылы қабылданған Халық денсаулығы бағдарламасы бұл жағдайдың себебін айқындап, сала жұмысын жүйелеуді көздеді. 2004 жылға дейінгі аралықты қамтыған осы шара денсаулық сақтау ісіндегі реформаның басы болды. Сөйтіп одан әрі медицинаны қандай жүйемен құратынымызды айқындадық.

Саланың қолжетімді қызметтері – емхана, амбулаториялық емге басымдық бере бастадық. Соның арқасында сырқаттану біршама азайды. 2005-2010 жылдарды қамтыған бағдарламада амбулаториялық көмекке көп көңіл бөлдіді. Тегін дәрі алу, тегін вакцинация жасау, амбулаторияда халықты көбірек қамтып, егер одан нәтиже болмаса стационарға жіберетін жүйе іске қосылды.

Астана құрылғалы бұрынсоңды болмаған көптеген ірі емдеу мекемелері ашылды. Олардың бәрі дамыған елдердегі медициналық орындардың үлгісіне келтіріліп салынды. Әр клиника заманауи жабдықтармен қамтамасыз етіліп, Қазақстанда жиі кездесетін ауруларды емдеу, шұғыл көмек беруге мән берілді, соның ішінде жүрек ауруларына басымдық берілді. Қазір қанша стационар болса, соның бәрінде ангиограф бар. Ангиограф дегеніміз – адам жүрегінің бітеліп қалған тамырын ашып, стент қою. Соның арқасында инфаркттан аман қалу 60 пайыздан асты. Бұрын бүкіл ел бойынша инфарктпен ауырғандардың 20 пайызы аман қалып, қалғаны өліп кететін. Мұның бәрі – дамыған елдер тәжірибесі. Сонымен қатар күрделі ота жасауда да көп жетістіктерге қол жетті. Мәселен, нейрохирургиялық оталар, буын ауыстыру, жүрекке оталар, ағзаны ауыстыру, бүйрек, бауыр, жүрек пен өкпе ауыстыру Астанада жасалады. Хирургия, трансплантация, жүрекке, өкпеге ота жасауда сапалы қызмет көрсету жағынан біздің өзге дамыған елдермен тереземіз тең. Кез келген елдің денсаулық сақтау ісі трансплантологияның даму деңгейімен айқындалса, Қазақстан бүгінде оның көш басында деп батыл айтуға болады. Осылайша елімізде жүрек, бауыр, бүйректің ауыстырылуы әдеттегі шаралардың біріне айналды. Бұл – үлкен жетістік.

Енді басты проблемалық жағы – алғашқы медициналық көмек көрсететін мекемелер. Бұрын кеңес кезінде адам өзі таңдап, кез келген салалық дәрігерге алдын ала жазылмай-ақ талонмен баратын. Ал дамыған елдерде алдымен учаскелік дәрігерге қаралып, тек солар арқылы ғана жолдамамен салалық дәрігерге барады. Мәселен, көзі ауыратын адамның дертінің себебі расында көзіне қатысты емес, жүйке жүйесімен немесе басқа ағзаларымен байланысты болуы мүмкін. Демек оған окулиске

Жақсылық ДОСҚАЛИЕВ:

# ҰЛТ САУЛЫҒЫ – МЕМЛЕКЕТ БАЙЛЫҒЫ

Тәуелсіздік алғаннан бастап бүгінге дейін еліміздің денсаулық сақтау саласында 6 бағдарлама қабылданыпты. Әрқайсысы 5 жылдық құжаттар шеңберінде жүзеге асырылған жұмыстар еліміздің денсаулық сақтау саласындағы түрлі реформаларға әкелді. Бастапқыда отандық медицина елдегі барлық сала секілді өте ауыр жағдайда болды. 68 жылдық ғұмырының 43 жылын осы саланы дамытуға арнап келе жатқан медицина ғылымының докторы, профессор, академик, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, «Құрмет», «Ломоносов» және «Гиппократ» ордендерінің иегері Жақсылық Досқалиевпен еліміздің бүгінгі денсаулық сақтау саласындағы мәселелері мен жетістіктері туралы сұхбаттасқан едік.



барудың қажеті жоқ. Бұл тапшы салалық мамандардың уақытын босқа алмай, қайта олардың қызметіне шын зәру адамға тезірек қызмет көрсетуіне септік етеді. Ал кезекті ұзақ күту себебі де сол – салалық мамандар тапшылығынан және елордада халықтың тым көптігінен болып отыр.

– Емханада салалық дәрігерге кезек күтіп шаршаған немесе мемлекеттік емханалар мамандарының деңгейі, білімі мен білігі туралы теріс ақпарат жиі тарайтындықтан көпшілік жекеменшік емдеу мекемелерінің қызметіне жүгінеді және солардың жұмысына сенім артады. Расымен жекеменшікте жұмыс істейтін мамандардың бәріне сенуге бола ма?

– Бұл – жалған пікір. Себебі озық құрал-жабдықтар, негізінен, тек мемлекеттік емдеу орындарында болады. Ауыр, күрделі оталардың барлығы мемлекеттік емханаларда жасалады. Жекеменшік емдеу орындарында жасалып жатқан оталардың мөлшері әлдеқайда төмен. Жеке клиникалардағы палаталардың оңашалығы, қолайлылығы артықтау болар. Мұндай ақылы жатын жайлар

ақысын Үкімет, жұмыс беруші және емделуші адамның өзі төлейді. Қорға қаржы 70 пайыз үкімет тарапынан төленеді. Оның ішінде 18 жасқа дейінгі балалар, зейнеткерлер, студенттер, курсанттар, мемлекеттік қызметкерлер, құқықорғау және қарулы күштері органдары бар. Елімізде 19 миллион халықтың 10 миллионының емдеу шығынын үкімет өтеп отыр. Қалған 9 млн халықтың 6,5 миллионының тұрақты табыс көзі бар. Олар – бюджет квази, компания қызметкерлері, өндіріс жұмысшылары. Тек 1,5 млн халық – өзін жұмыспен қамтығандар. Ауырып қалған азаматтардың жұмыс істеген, істемегеніне қарамай емделу шығыны қор есебінен жабылады. 2018 жылдан бастап ТМҚКК шеңберінде және МӘМС жүйесінде медициналық қызметтерді сатып алу жұмыстары Қор арқылы жүзеге асырылып отыр. Біздің елде МӘМС жүйесі бойынша қорға ақшаны жұмыс беруші және жұмысшының өзі төлеуі керек. Қорға құрылымы бері дұрыс ақша құйылып жатқан жоқ. Осыған байланысты денсаулық сақтау саласында көп нәрсеге қол жетпей жатыр. Қаржы қорға 100 пайыз құйылу керек.



Елімізде 19 миллион халықтың 10 миллионының емдеу шығынын үкімет өтеп отыр. Қалған 9 млн халықтың 6,5 миллионының тұрақты табыс көзі бар. Олар – бюджет квази, компания қызметкерлері, өндіріс жұмысшылары. Тек 1,5 млн халық – өзін жұмыспен қамтығандар. Ауырып қалған азаматтардың жұмыс істеген, істемегеніне қарамай емделу шығыны қор есебінен жабылады.

– Қазіргі көршілермен байланысты геосаяси ахуалдың денсаулық сақтау саласына әсері бар ма?

– Әрине, бар. Көп дәріні Украинадан алатын едік, олардың өнімі өте сапалы, тиімді, қымбат емес. Соғыс болып жатқаннан кейін олардан алу мүмкіндігі шектелді. Екіншіден, дәрі-дәрмек жеткізу бойынша Ресей үлкен логистикалық хаб еді. Канададан Ресейге келеді, содан кейін бізге жеткізілетін. Қазір ол жол да жабылды. Бұл ретте де дәрі жеткізу логистикасы ұзарып кетті. Ол ұзарған сайын бағасы да қымбатқа түсіп жатыр. Оған қоса инфляция өсіп, осының барлығы қосылғанда дәрі-дәрмек тапшы болып, жасаған реформа, бағдарлама ойдан шықпай тұр.

– Қазір елімізде қандай медицина мамандары тапшы және бұл тапшылық неден туындап отыр?

– Ең алдымен, салалық дәрігерлер жетіспейді, себебі ақшасы аз. Атап айтқанда, барлық жерде эндокринолог, ревматолог, анестезиологтар тапшы. Мәселен, 10 жыл оқып, жаңадан жұмысқа кірген мамандардың жалақысы жұмыс іздейді. Оның үстіне кез келген басшы тәжірибелі маман іздейді. Сөйтіп жастар жұмыссыз жүріп қалады. Қазіргі таңда «Дәрігер қателігі» бойынша заң талқылануда. Кейбір жағдайда дәрігер де абайсызда қателесуі мүмкін. Әдейі жасамай, аяқ астынан болса, дәрігерлерге қылмыстық іс қозғалмауы керек. Себебі қателеспейтін адам жоқ. Ал әрине, егер өзінің жұмысына немқұрайлы, жауапсыз қарағандығынан науқас қайтыс болса, онда міндетті түрде жазалануы керек. Баптың ондай бөлігін ешкім де алып тастап жатқан жоқ. Абайсызда болған қателіктер дәрігерлердің жазалануы да кадр тұрақсыздығына әкеледі.

– Өзіңіз 200-ден астам ғылыми еңбектің, 12 монографияның, 50-ден астам өнертабыстың авторысыз. Кезінде лапароскопия отасын елге әкелген және трансплантология мәселесін де бастап көтерген өзіңіз. Жалпы қазір медициналық ғылым саласы қалай дамуда?


– Медицина саласындағы ғылымды дамытуға да қаражат тапшылығы тұсау болып отыр. Бір мысал айтайын, Жапонияда менің екі балам жұмыс істейді. Солар ғылыми салада зерттеу жүргізу үшін эксперименталды жұмыспен айналысады. Соның барысында бауыр ақауы бойынша бір тышқан-модельді алады, сол тышқанның біреуі біздің ақшамен 1 млн теңгедей тұрады,

ал зерттеу барысында олардың кем дегенде 100-і керек. Бір университеттің ғылыми зерттеу саласына жыл сайын бөліп отырған ақшасы 1 жарым млрд долларды құрайды. Өкінішке қарай, бізде мұндай қаржы бөлінбейді. Сондықтан бізде медицинадағы ғылым кенже қалып отыр. Дегенмен бүгінгі таңда Мемлекет басшысы Ғылым академиясын қайта жаңғыртты, Президент жанындағы мекеме етіп жатыр. Сол жерге ғалымдар жиналып, бәлкім, келешекте осы деңгеймен дами берсе, бізде де мол қаражат бөлінетін шығар. Ақша бөлсе тас жарғалы тұрған дарынды, білімді жастар өте көп. Оларға тек қолдау ғана жетпей тұр. Өзім баяғыда жасушамен айналыстым, министр болып тұрғанда қаражат бөліп, сол сала бүгінде жақсы нәтиже беріп жатыр.

– Өзгелерді емдеп жазатын ақ халатты абзал жан ретінде өзіңізді қалай күтесіз? Денсаулықты ұзақ уақыт мықты етіп сақтау үшін елге қандай кеңес айтар едіңіз?

– Жалпы өмірде әрбір адам білетін екі сала бар, бірі – білім, екіншісі – денсаулық. Жалпы, бұл денсаулық деген – ұлттық мәселе. Олай дейтініміз, денсаулығы мықты адам ұлттың өркендеуіне үлес қосушы болады. Адам үшін басты байлық – денсаулық екенін шынымен түсінуіміз керек. Соның әрине, көп ауру – ішетін астан келеді. Дұрыс тамақтанудың мықты денсаулық иесі болуда маңызы зор. Сапалы тамақ ішу және оны қанша мөлшермен ішуді білсеңіз, сізден артық дені сау адам болмайды. Қазір көп адамдар БАД дегенге әуес, яғни қосымша биологиялық қоспалар ішеді, мен мұны бекер іс дер едім. Күніне ас мәзірінде лимон, алма, сосын қазақтың құрты болса, нағыз тұнып тұрған дәрумен сол. Сонымен қатар ел ішінде түрлі тәуіп емшілер де көп. Кейбір ауруларды тек медицина күшімен ғана емдеуге болады. Бір жылдары түйенің зәрмен қатерлі ісікті емдеймін деген тәуіп шығып, соған да халық алданған. Қатерлі дертті зәрмен емдеуге болады дегенге сенгеніңіз – күлкілі жағдай. Өз басыма келсем, мен де ел сияқты тағамдарды жеймін. Өзім осы Астанада жер үйде тұрамын, таңертең ерте біраз жаяу жүріп келгесін екі кесе шөй мен кішкентай бутерброд және көкөніс жеймін. Түсте де бәрімен бірдей ас түрлерін жеймін, бірақ ең бастысы, аз-аздан, сосын кешкі 18.00-ден кейін мүлдем тамақ ішпеймін. Бұған менің ағзам үйренген.

– Сұхбатыңызға рахмет!

Сұхбаттасқан  
Райхан РАХМЕТОВА

мемлекеттік емдеу орындарында да бар. Жауапсыз мамандарға келсек, ондай қызметкерлер әр салада да кездеседі.

– «100 нақты қадам» Ұлт жоспарын іске асыру мақсатында Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры 2017 жылдың шілдесінен өз қызметін бастады. Осы қор жұмысына, жалпы МӘМС жүйесіне қатысты да күмәнді әңгімелер көп.

– Дамыған елдерде сақтандыру медицинасы екі бағытта жұмыс істейді. Бізде қаржыландыру үш көзден болсын деп шештік, ол бойынша емделу

– МӘМС жүйесі арқылы баршамыздың жалақымыздан ай сайын жарна ұсталады. Бірақ медициналық көмекке көп жүгінбейтіндер де бар. Сондай азаматтар неге бізден ақша ұстайды деп шағымданады?

– МӘМС-ке сізден де, бізден де ұстайды. «Солидарная ответственность» деген бар. Мен сізге төлеймін, сіз біреуге. Осылайша бір-бірімізге көмектесеміз. Жүйе сондай. Қайта дамыған елдерге қарағанда біздің бұған төлеп отырған қаражатымыз аз. Мәселен, Америкада ішкі өнімнен 18-20 пайыз сақтандыруға төленеді. Егер ол жақта

сақтандыру қорында ақшаңыз болмаса, сізге ешкім көмек көрсетпейді. Түркияда да сол. Жалпы шетелдерде медициналық қызмет құны өте қымбат. Бізде ішкі өнімнен көп десе 4 пайыз алынатын шығар. Бұл – аз. Кем дегенде 5 пайыз болу керек. Неге мемлекет төлемейді деген теріс ұғым. Мемлекет тарапынан да төленіп жатыр. Мемлекет бүкіл жедел көмекке және егу шараларының бәріне төлейді. Германияда – 30/70, 70 пайыз – өзі, қалғаны мемлекет төлесе, Оңтүстік Кореяда – 50/50, бізде үшеуі – яғни мемлекет, жұмыс беруші, жұмысшы төлейді.

Гүлбаршын  
ӨКЕШҚЫЗЫ**ҚОРЫҚҚА ҚАЛАЙ  
ЖЕТУГЕ БОЛАДЫ?**

Жалпы, қазір жұрттың көбі шетелге шығуға құмар. Дегенмен, өзіміздің елде де көрсен көз тойтын, керемет көрікті, жанға жайлы жерлер көп. Соның бірі – Қорғалжын мемлекеттік табиғи қорығы.

Астананың оңтүстік-батысына қарай 130 шақырым жерде орналасқан Қорғалжын қорығы – қазақ даласындағы ғажайып жерлердің бірегейі. Пандемия басталғанға дейін ол жерге қалалық сапаржайдан күн сайын 4 рет Астана – Қорғалжын бағытында автобустар қатынайтын. Қазір заман талабына сай олардың орнын жекеменшік такси қызметі алмастырып отыр. Мұндай машиналарды елорданың теміржол вокзалы алдындағы арнайы орындардан таба аласыз.

Өз көлігіңізбен баратын болсаңыз, Ақмола облысының көлік жолдары қартасын жүктеп алуыңызға болады. Индрайвер арқылы такси қызметіне жүгірсеңіз, бір бағытқа 2500-3000 теңге төлейсіз. Соңғы үлгідегі салқындатқышы бар жайлы да жап-жаңа көлік иелері бір жарым сағат ішінде диттеген жеріңізге зыр еткізіп алып келеді. Тек, жол тақтайдай теп-тегіс деп айту қиын. 20-25 тонналық жүк көліктері жиі жүретіндіктен, кейбір жерлер езіліп кеткен. Күндіз тайға таңба басқандай ап-анық көрінгенімен, түнде жолда абай болғаныңыз жөн.

Айнала ұшы-қиыры жоқ сайын дала. Шетсіз-шексіз сызықтар еріксіз ойға жетелейді. Аңда-санда қылаң беретін қалың ағаштар, ауыл шетінде жайылып жүрген жылқы, сиыр, қой қиялыңызға қанат бітіреді.

Бұл өңірді мекендейтіндер – өңкей қазақ. Өзге ұлт



Жаздың жаймашуақ күндерінде суға шомылып, теңіз жағалауында тынығып, тарихи жерлерді тамашалағанға не жетсін, шіркін?! Күйкі тірліктен бір сәтке демалып, кім де болсын серпіліп қайтқанды қалайды. Бұл ретте бүгінде барлық мүмкіндік қарастырылған. Ақшасын төлесеңіз болды, жердің қай түкпіріне барып демаламын десеңіз де, туристік фирмалар кез келген бағытқа жол сілтеп, апарып-алып қайту қызметін көрсетуге дайын.

өкілдері мұнда жоқтың қасы. Жол сұрағанға кез келген адам жөнін айтады. Демек, бұл жаққа шошқасаңыз, адаспайтыныңыз анық.

Қазақстанның орталық аймағында орналасқан Қорғалжын ауданы өзінің таңғажайып әдемі жануарлар әлемімен, яғни табиғи қорығымен танымал. Осы кереметті көруге ниеттілер алдымен аудан орталығына ат басын бұрып, мемлекеттік қорықтың музейіне соғады. Онда

қорық тарихы туралы деректі фильм көріп, саяхат-орталықты аралауға болады. Содан соң қорыққа бару үшін арнайы гидтің көмегіне жүгінесіз.

**ҚАЗАҚ ДАЛАСЫНЫҢ  
ҚАЗЫНАСЫ**

Елу бес жылдық тарихы бар Қорғалжын қорығы ЮНЕСКО-ның бүкіләлемдік мұралар тізіміне енген. Жалпы ауданы – 543 мың 171 гектар.

1968 жылы 16 сәуірде құрылған қорық аумағында 123 үлкенді-кішілі, ащылы-тұщылы көлдер бар. Теңіз көлінің ұзындығы 85 шақырымды құраса, ені 35 шақырымға жетіп жығылады. Көл суы минералды саналады. 2000 жылдан бастап «Тірі көлдер» халықаралық ұйымына кірді. Әлемдегі ерекше бақылауды талап ететін Рамсар Конвенциясының «А» тобында тіркелген. Сондай-ақ 2012 жылы Қорғалжын мемлекеттік табиғи

қорығы ЮНЕСКО ұйымының биосфералық резерваттар жүйесіне қабылданды.

Еліміздегі 500-ден астам құстардың 80 пайызы Теңіз – Қорғалжын алабын мекендейді. Соның 37-сі Қазақстанның Қызыл кітабына кірген. Оларды көзімен көру үшін жыл сайын көптеген туристік ағым қорықтағы ерекше тіршілік иелерін тамашалауға ағылады.

Қорықта құстың 347 түрі көрсетілген, оның ішінде 41 басатыны – 126. Олардың 41 түрі Қазақстанның Қызыл кітабына және 26 түрі Халықаралық Қызыл кітапқа енгізілген. Теңіз – Қорғалжын көлдер жүйесінде сулы-батпақты кешенді құстардың 112 түрі кездеседі, ол барлық Қазақстанға танымал 130-дан 87%-ды құрайды. Қорықта сүт қоректілердің 42 түрі, балықтың 14 түрі тіркелген.

Қорғалжын сулы-нулы жерде

тұрғандықтан, мұнда өсімдіктің 500-ге жуық түрі бар. Олардың ішінде қызғалдақтың бірнеше түрі өседі. Әсіресе мамыр айының орта тұсында қылтиып шыққан дала гүлдері екі аптадай ғана өмір сүреді. Өкінішке қарай, соңғы кездері олар да сиреп барады.

Мемлекеттік қорықтың басты бренді – қоқиқаздар. Алыс және жақын шетелдерден ағылып жатқан туристер, ең алдымен, осы қоқиқаздарды тамашалауға келеді. Айрықша сұлулығымен ерекшеленгені әдемі құстар үшін Қорғалжын қорығы солтүстікте қоныстанатын соңғы мекен саналады. Олар жыл сайын көктемде Африканың шығыс-батысынан, Иран, Үндістан және Пәкістан елдерінен ұшып келіп, осында ұя басып, балапандарын қанаттандырып, қара күздің салқыны түсе бергенде келген жолдарымен жылы жаққа ұшып кетеді.

Қорғалжын қорығы аңдар мен жабайы жануарлар мекендейтін аймақ ретінде де кеңінен танымал. Мұндағы көлдерде мөңке, аққайран, линь, алабұға, шортан және тарта балықтары өте көп. Сайын далада жүйткіген ақбөккендер ерекше қамқорлыққа алынған жануарлар тізімінде. Жыл сайын саны азайып бара жатқан бұл жануарды қорғауға және күтуге айрықша мән беріліп отыр. Теңіз көлінің маңында мекендейтін жабайы қабандар, борсықтар, суырлар, түлкілер, қасқырлар да қорықтың табиғи байлығына балаңады. Балықшылар мен аңшылар қорық аумағына рұқсат арқылы ғана кіре алады. Ал олардың балық аулау және аңшылық жасауына тиісті бақылау жүргізіліп келеді.

Балығы тайдай тулаған, бақасы қойдай шулаған, қасиет пен құт қонған Қорғалжын жерінің табиғаты көркем, керемет! Ал қорығы – тек Қазақстанның ғана емес, бүкіл Орта Азиядағы аң-құсқа мейіріл мекен болып отырған ерекше табиғат қазынасы.

**КАСПИЙДЕГІ ДЕМАЛЫС  
ҚОЛЖЕТІМДІ МЕ?**

Теңіз жағалауындағы Ақтау қаласы мен «жұмбақ жайлап, аңыз өрген Маңғыстауға» қызығушылықпен келетін туристер саны жыл сайын артып келеді. Өткен жылы жаз айларында шетелдік жиһанкездер мен саяхатшылар республика бойынша Ақтауда, дәлірек айтқанда, Каспий жағасында демалуды, саяхаттауды көбірек таңдаған. Осы тұста біз Каспийдегі демалыс бағасы мен сервис сапасының қаншалықты сай екенін білдік.

Индира  
БЕРЖАНОВА**КЕЛУШЛЕР КӨП**

Еліміздің үздік бес туристік қаласының қатарында қарт Каспийдің бойындағы Ақтау бар. Биыл қаңтар-сәуір айларында қаланы 220 660 турист тамашалауға келген. Ал жазғы маусымда туристер тарапынан Маңғыстау облысының орталығына деген қызығушылық 20 пайызға дейін

өсті. Оның бірден-бір себебі – өңір тарихында тұңғыш рет Ақтауға туристік бағыттағы арнайы чартерлік рейстердің қатынай бастауы. Нәтижесінде, былтырдан бастап Ақтау мен шет елдер арасындағы тұрақты рейстер саны арта түсті. Мәдениет және спорт министрлігінің мәліметі де сол, өткен жылы сырт мемлекеттен келген қонақтар көп уақытын Маңғыстау облысында өткізіпті. Каспийдің жағасында 41 мыңнан астам өзге елдің азаматы кемі бір

аптадан 12 күнге дейін болған. Әсем табиғатымен, көз тартар ескерткіштерімен ерекше, шипалы суы бар, іс жүзінде ең үлкен көл саналатын, ауқымды көлемі үшін теңіз деп аталатын Каспийге шомылып қайтуға негіз көп. Оны бізден гөрі, шетелдіктер ұғынған сияқты. Ал өзіміз барды бағалап, елдегі екі теңіздің біріне барып, ішкі туризмді өркендетуге құлықсыз көрінеміз. Жаз бойы жаппай жағасын жайлап жатқаннан,

құрлық асып, Еуропаны аралап, Түркия, Египет, БАӘ-ін жарнамалаған «артық» емес пе?!

**ОРТАША СЕРВИС,  
ҚЫМБАТ БАҒА**

Мальдив аралдарынан кем түспейтін Каспий жағасында демалыс орындары мен курорттық кешендер, түрлі аквапарктер мен ойын-сауық орталықтары көп болғанымен, сервис сапасына барлығының дерлік көңілі толмайды. Енді біреулер үшін пойызбен жету алыс, не ұшақпен жету қымбат. Қыркүйекке дейін Астанадан Ақтауға ұшақ билетінің бағасы 50 мыңнан жоғары. Ал басқа уақытта бас қаладан Ақтауға ұшақтың орташа билет құны 30 мың теңгеден асады. Есесіне пойызбен жүрген 3 күннің орнына

2,5 сағатта теңізге жетуге болады. Ал пойыз билеті 17524 теңге тұрады. Оның өзі белгілі бір күндері ғана қатынайды. Ақтау қаласында теміржол бекеті болмағандықтан, пойыздар қалаға 20 шақырым жерде орналасқан Маңғышлақ стансасына келіп тоқтайды. Қала мен станса арасында автобус пен такси жүреді. Астана мен Ақтау арасы – 2670 км. Көлікпен 40 сағатта жетуге болады. Алайда аптап ыстықта уақытты үнемдеп, ұшақ не пойызбен жеткен тиімдірек. Қалаға жеткен соң, әрі қарай қаражатын үнемдегісі келетіндер пәтер жалдайды, енді біреулер қонақүйлерге орналасады. Мұндағы пәтерлердің ең арзан дегені күніне 10 мың теңге алады. Жағажай аумағында 50-ге тарта ірілі-ұсақты қонақүй бар. Бағасы тәулігіне 12000-15000 теңгеден басталып, миллионға дейін барады. Бұл туралы елордадан теңізді тамашалауға барған Шырын Болатбек айтты. Құрбыларымен Каспий жағасында бір апта болған ол әрқайсымыз барып-келуге, жатын орнына, тамақтануға және ойын-сауық алаңдарын тамашалауға 80-100 мың теңге жұмсадық дейді.

«Теңізге жақын орналасқан бір пәтерді жалдадық. Бағасы қолжетімді болған соң таңдауға тура келді. Қаладағы біраз үй ескірген, жөндеу жұмыстары біршама уақыттан бері жүргізілмеген көрінеді. Ал оның алдында қонақүйлерді іздеп, бағасын салыстырып көріп едік. Шыны керек, Ақтаудың елдегі ең қымбат қала екеніне көзіміз жетті. Теңіз жағасындағы бес жұлдызды Rixos Water World қонақүйінде екі адамға бес күнге демалу бағасы – 1 140 000 теңге. Ал көрші Түркиядағы сондай уақытқа бес жұлдызды қонақ үйді біріндегі баға миллионға да жетпейді, 500-700 мың теңге шамасын құрайды. Әрі оның ішіне ұшақ билетінің бағасы да кіреді» деді ол.

**КӨРІКТІ  
ЖЕРЛЕРГЕ БАЙ**

Каспий жағажайында демалу маусымы мамырдың соңынан тамыздың соңына дейін созылады. Дәл осы уақытта теңіз суы жылынып, орташа температурасы +18°С-ты көрсетеді. Бірақ суда шомылып жүргендер азы – 2670 км. Көлікпен 40 сағатта жетуге болады. Алайда аптап ыстықта уақытты үнемдеп, ұшақ не пойызбен жеткен тиімдірек. Қалаға жеткен соң, әрі қарай қаражатын үнемдегісі келетіндер пәтер жалдайды, енді біреулер қонақүйлерге орналасады. Мұндағы пәтерлердің ең арзан дегені күніне 10 мың теңге алады. Жағажай аумағында 50-ге тарта ірілі-ұсақты қонақүй бар. Бағасы тәулігіне 12000-15000 теңгеден басталып, миллионға дейін барады. Бұл туралы елордадан теңізді тамашалауға барған Шырын Болатбек айтты. Құрбыларымен Каспий жағасында бір апта болған ол әрқайсымыз барып-келуге, жатын орнына, тамақтануға және ойын-сауық алаңдарын тамашалауға 80-100 мың теңге жұмсадық дейді.

«Теңізге жақын орналасқан бір пәтерді жалдадық. Бағасы қолжетімді болған соң таңдауға тура келді. Қаладағы біраз үй ескірген, жөндеу жұмыстары біршама уақыттан бері жүргізілмеген көрінеді. Ал оның алдында қонақүйлерді іздеп, бағасын салыстырып көріп едік. Шыны керек, Ақтаудың елдегі ең қымбат қала екеніне көзіміз жетті. Теңіз жағасындағы бес жұлдызды Rixos Water World қонақүйінде екі адамға бес күнге демалу бағасы – 1 140 000 теңге. Ал көрші Түркиядағы сондай уақытқа бес жұлдызды қонақ үйді біріндегі баға миллионға да жетпейді, 500-700 мың теңге шамасын құрайды. Әрі оның ішіне ұшақ билетінің бағасы да кіреді» деді ол.

Бірқатар туристік агенттік басшыларының сөзінше, қазақстандықтар мұндағы бағаның шарықтауына, не қызмет көрсету сапасының орташа болуына қарамастан, бәрібір де ішкі туризмді таңдағанды құптайды. Әрине, бұл қуантарлық жағдай. Сөзсіз, Каспий – туризмді дамытуға қолайлы аймақтардың бірі. Мұндағы жағажайларда жаңа жобалардың жүзеге асуы шағын бизнестің өркендеуіне жол ашты. Алайда ішкі туризмнің алға басуына тұсау салатын жайттар айтқандай аз емес.



# АЭС САЛСАҚ, ҚАУІПСІЗ БЕ?

Қалиқбар  
ҮСЕМХАНҰЛЫ

**Қ**азақстанда атом электр станциясын салу мәселесін Президент бірінші рет ауызға алып отырған жоқ. Бұл – бұдан бұрын да айтылып, бірнеше рет талқыға түскен тақырып. Әрине, энергияға болған сұраныс тұрғысынан алғанда, даму үстіндегі елдердің атом электр станциясын салуы энергия жетіспеушілігінің алдын алуға және ел іші өнеркәсібін қуатты электрмен қамтамасыз етудегі маңызды тәсіл екені рас. Әйткенмен, ол бізге керек пе? Салдырсақ, кімге салдырамыз деген мәселе жөнінде ел ішінде әртүрлі көзқарас бар. Мәселен, жұрттың кейбірі «бізге атом электр станциясы керек» десе, «Қазақстан өзі атом электр станциясын сала алмайды. Мұндай ірі құрылысты қарызданып салғанша, салмаған артық. Оның қауіпсіздік жағы тағы бар» деп санайтын екінші топ Қазақстанда АЭС салуға мүлде қарсылық танытып отыр. Ал үшінші топ болса, «АЭС салсын, бірақ оны Корея немесе Жапонияға салдырған жөн» деген пікірде. Ал Мемлекет басшысы болса, «Менің ойымша, бұл мәселені егеңгі-тегжейлі қарастыратын уақыт жетті, себебі Қазақстанға АЭС керек» деп қатысты орындарға тапсырма берген болатын. Ендеше, АЭС салу жұмысын зерттеп-зерделеу жұмысы қалай жүріп жатыр? Ол еліміздің болашағы үшін қауіпсіз бе деген мәселелер төңірегінде «Қазақстандық атом электр станциялары» ЖШС бас директоры Тимур ЖАНТИКИН мырзаны әңгімеге тарттық.

– Қазақстанда атом электр станциясын салу мәселесі өзекті тақырып болып тұр. Бізге атом электр станциясы қажет пе? Қажет болса не үшін қажет? Жалпы сіздердің мекеме қандай жұмыстармен айналысады?

– Біздің ұйым «Самұрық-Қазына» АҚ Қорының еншілес компаниясы болып табылады. Үкімет біздің компанияға Қазақстанда АЭС салу мүмкіндігін қарастыруды тапсырды. Бүгінгі таңда Қазақстан аумағында атом электр станциясын салу жобасы бойынша зерттеу, зерделеу жұмыстарын жүргізіп жатырмыз.

Атом электр энергиясын генерациялаудың артықшылығы – парниктік газдар шығарындыларының болмауы. Қазақстан Республикасының аумағында АЭС-ті пайдалануға беру, көмірмен газ негізіндегі электр энергиясын өндіруді алмастыру есебінен атмосфераға көмірқышқыл газы шығарындыларының жалпы

Соңғы кезде елде энергия тапшылығы туралы жиі айтыла бастады. 2021 жылдың соңында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев та Алматы қаласында қаржы секторының өкілдерімен кездескен кезде атом энергетикасын дамытудың өзектілігіне тоқталды. «Біз бұл мәселеге қатысты нақты шешімге келеміз деп ойлаймын. Болашақты ойласақ, біз атом станциясының құрылысына қатысты нақты шешім қабылдауымыз керек» деген еді.



көлемін орта есеппен жылына 8 млн тоннаға қысқартуға ықпал етеді.

Қазақстанда АЭС салу экономиканың барлық саласына, сондай-ақ ғылымға, білімге, әлеуметтік салаға оң мультипликациялық әсер етеді, жоғары технологиялық, ғылымды қажетсінетін технологиялар мен аралас салалардың жедел дамуына мүмкіндік береді.

Оның үстіне, құрылыс кезеңінде шамамен 7-8 мың жұмыс орны құрылады, одан әрі еліміздің болашағы үшін қауіпсіз бе деген мәселелер төңірегінде «Қазақстандық атом электр станциялары» ЖШС бас директоры Тимур ЖАНТИКИН мырзаны әңгімеге тарттық.

– Қазақстанда атом электр станциясын салу мәселесінде жұрттың пікірі де екіге жарылады. Бір тарап, бізге атом электр станциясы керек десе, екінші тарап, жоқ керек емес деген көзқараста отыр. Украина мысалында атом электр станциясы геосаяси жағдайды одан әрі асқындыратын өзекті мәселеге айналып кетуге шақ қалды. Бұл мәселелер сіздерді алаңдатпай ма?

– АЭС жобасын біздің мекеме саяси емес, техникалық және экономикалық жағынан қарастырып жатыр. Жоғарыда айтқанымдай, АЭС Қазақстанға қажет. Кез келген компания серіктес ретінде таңдалғанмен тек атом электр станциясын салумен ғана айналыса алады, бірақ ол нысанға иелік етпейді. Қазір 4 әлеуетті серіктеспен келіссөздер жүргізілуде. Вендорды таңдап, АЭС құрылысы жобасы барысында біз жұртшылықтан келетін барлық сигналды қарастырамыз және ескереміз.

– Жапониядағы атом электр станциясының апатынан кейін кейбір елдер электр станциясынан бас тарта бастады. Мәселен, Германия атом электр станциясынан толығымен бас тартты. Emsland, Isar 2 және Neckarwestheim жабылды, яғни соңғы 3 атом электр станциясы жұмысын тоқтатты. Ал біз енді салғалы жатырмыз? Бұл қауіпті емес пе?

– Қазіргі уақытта әлемде жалпы қуаты 368,6 ГВт болатын 410 ядролық реактор жұмыс істейді. 57 реактор немесе 59,1 ГВт энергетикалық эквивалентте салынуда. Атом электр станциясы Қытай – 17 энергоблок, БАӘ – 1, Оңтүстік Корея – 3, Үндістан – 8, Түркия – 4, Ұлыбритания – 2, Ресей – 4, АҚШ – 2 сияқты елдерде салынуда. Өзіңіз айтып отырған Германия, одан бөлек, Бельгия, Испания және Швейцария атом энергиясынан бас тартады. Мұнда баламалы энергия көздеріне көп көңіл бөлінеді, бұл оларға әлдеқайда қымбатқа түседі.

Климаттың өзгеруі жөніндегі Париж келісіміне сәйкес Қазақстан Республикасы 2030 жылға қарай парниктік газдар шығарындыларын 15%-ға қысқартуға міндеттелді. Бүгінгі таңда еліміздің негізгі жұмыс істеп тұрған энергия көздері жылу көмір станциялары болып табылады, олар негізгі жабдықтардың тозуының жоғары деңгейімен қатар қоршаған ортаның ластануының жоғары деңгейімен (парниктік газдар шығарындылары, қалдықтардың үлкен көлемі) ерекшеленеді.

Экологиялық таза және қауіпсіз технология болып табылатын атом электр станцияларындағы дәстүрлі жылу станцияларын ауыстыру энергетика секторындағы парниктік газдар шығарындыларын, сондай-ақ ЕО-ның импортталатын өнімге көміртегі салығын енгізу

жөніндегі жоспарларымен байланысты мұнай-газ, тау-кен және экономиканың басқа да секторларының болжамды шығындарын азайтуға мүмкіндік береді. Электр энергиясын өндіру көздерін әртараптандыру Қазақстанның энергетикалық қауіпсіздік деңгейін едәуір арттыруды қамтамасыз етеді.

– Атом электр станциясын салмай-ақ, электр тапшылығы мәселесін шешудің басқа жолдары жоқ па?

– Әрине, біз көмірмен жұмыс істейтін станцияларды салсақ болады, бірақ біздің елімізде электр энергиясын генерациялайтын жабдықтардың тозуы 70%-дан астамды құрайды, ал әлем елдері мен Еуропалық Одақтың көміртегісіз таксономиясына сәйкес, Қазақстанға көмірсүткөз көздерінде жұмыс істейтін энергетикалық станциялар құрылысына инвестициялар көзделмеген. Сондықтан атом энергетикасын дамыту және атом станциясын салу барлық санаттағы тұтынушыны, оның ішінде өнеркәсіптік кәсіпорын мен халықты үздіксіз электр энергиясымен қамтамасыз ету үшін неғұрлым қолайлы болып табылады.

– Қазірге дейін атом электр станциясын салып беруге ниет білдірген елдер бар ма? Сіздер қай елге басымдық беріп отырсыздар?

– 2019 жылдан бастап реакторларды талдау бойынша жұмыстар жүргізілуде. Атом технологияларының 6 негізгі әлемдік иелерінен техникалық-коммерциялық ұсыныстар алынды: KHNP (Оңтүстік Корея), CNNC (Қытай), Росатом (Ресей), EDF (Франция), NuScale (АҚШ), GE-Hitachi (АҚШ-Жапония) компаниялары реакторлардың 13 түрлі нұсқаларын қарастыруға ұсынды.

Осы ұсыныстарды қарау және зерттеу барысында ең перспективалы нұсқалар таңдалды және KHNP, CNNC, Росатом және EDF-тен 4 жобаны қамтитын қысқа тізім алдын ала құрастырылды. Барлығы дерлік техникалық жағынан сәйкес. Таңдау жұмыстары жобаның Қазақстанның қажеттіліктеріне сай жасалады. Демек, бұл мәселе әлі де зерттеліп, зерделенеді. Алдын ала бір елге басымдық берілмейді.

## БОЗТАЕВ ЕСІМІ ЕСКЕРІЛСЕ

Осы шілде айында мемлекет қайраткері Кешірім Бозтаевтың туғанына 90 жыл толып отыр. Көрнекті тұлға Семей облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы қызметін атқарғанда, жарты ғасырға жуық уақыт уын төгіп, халқымызға қасірет әкелген Семей ядролық сынақ полигонының жабылуына тікелей бастамашы болды. Сондай еліне жанашыр азаматтың есімі кейінгі жылдары елеусіз қалып барады. Биылғы мерейтойы да атаусыз қалған сияқты.

Аманғали  
ҚАЛЖАНОВ

1989 жылдың 20 ақпанында КСРО басшысы Михаил Горбачевке ядролық сынақтарды тоқтату туралы жеделхат жолдаған ол екі жыл бойы үздіксіз күрес жүргізді. Нәтижесінде 1991 жылдың 29 тамызында полигон жабылды.

Семей полигонында алғашқы жарылыс 1949 жылы болғаны белгілі. «Қазір арада қырық жыл өткенде бұл полигонның айналасындағы жағдай мүлде өзгерді. Яғни, полигон қалың ел орналасқан аймақтың қақ ортасында қалды. Ал бұл жағдай сынақтар жасау барысында еш ескерілмеуде. Бұл маңда жылына 14-18 ядролық жарылыстар жасалады. Олар осы жердегі ғимараттар мен инженерлік желілерді істен шығарып, жүздеген мыңдаған адам, жан-жануар ауырып, су ішетін құдықтар бұзылуда... Полигон аймағындағы топырақ қабаты қатты өзгеріске ұшырауда. Әрбір үшінші жарылыс сайын жер бетіне радиі белсенділігі жоғары газ тарайды, оны тоқтату іс жүзінде мүлде мүмкін емес. Ядролық сынақтар туралы жұртшылық арасында әртүрлі пікірлер таратылып, тұрғындар арасында моральдық-психологиялық күйзеліс байқалуда және олардың осының бәрін сынақ тудырған кесел, дерттермен байланысты деуі де негізсіз емес. Осындай ауыртпалық жағдайға алаңдап отырған облыстық партия комитеті бұл жарылыстарды тоқтатуды немесе оның қуатын кемітіп, жарылыс аралықтарын сиректуді, одан әрі жарылыстарды басқа бір қолайлы жақтарда өткізуді тиісті министрліктер мен мекемелерге тапсыруын өтінеді» деп жазған Кешірім Бозтаев КСРО басшысына жолдаған жеделхатында.

Қарт қаламгер Ғаббас Қабышұлының дерегінше, жеделхат СОКП Орталық партия комитеті саяси бюро мүшелеріне таныстырылғанда КСРО Қорғаныс министрі Дмитрий Язов ядролық жарылыс зардаптарын мойындамай:

«Бозтаев жағдайды шиеленістіріп отыр. Полигон таза, алаңдауға негіз жоқ» деген. Курчатов қаласының басшылығы да оны қостаған. 28 ақпанда Курчатовқа Үкімет комиссиясы келген. Сол күні көрнекті ақын, қоғам қайраткері Олжас Сүлейменов бастаған «Невада-Семей» қозғалысы құрылды.

Бұл ұйым Кешірім Бозтаевтың жеделхатынан кейін бір апта өткенде жұмысын бастады. Бозтаев пен Сүлейменов екі жақтап жүріп, ақыры полигонды жаптырты. Кейіннен Бозтаевтың «Семей полигоны. Қайнар қасіреті» атты кітабы жарық көрді.

Полигон жабылғанмен, одан кейінгі істерден де Кешірім Бозтаев тыс қалған жоқ. Ол – 1992 жылғы 18 желтоқсанда қабылданған «Семей ядролық сынақ полигонындағы ядролық сынақтар салдарынан зардап шеккен азаматтарды әлеуметтік қорғау туралы» заңының, Ядролық сынақтар салдарынан зардап шеккен тұрғындарды медициналық оңалту бағдарламасының авторы. 1996 жылы белгілі қоғам қайраткерлерімен бірге «Полигон – 29 тамыз» халықаралық қайырымдылық қорын құрды.

Елорда көшелеріне Аманжол Бөлекбаев, Бәйкен Әшімов, Мақтай Сағдиев, Салық Зиманов, Ұзақбай Қараманов сынды елдің өркендеуіне елеулі үлес қосқан мемлекет қайраткерлерінің аты берілді. Бұл қатарға атом оқпанын жапқан Кешірім Бозтаевты да қоюға болады деп есептейміз. Бас қаланың бір көшесі қайраткер атына әбден лайық. Бас қаладан Бозтаевқа көше бұйыра ма?



«Бозтаев жағдайды шиеленістіріп отыр. Полигон таза, алаңдауға негіз жоқ» деген. Курчатов қаласының басшылығы да оны қостаған. 28 ақпанда Курчатовқа Үкімет комиссиясы келген. Сол күні көрнекті ақын, қоғам қайраткері Олжас Сүлейменов бастаған «Невада-Семей» қозғалысы құрылды.

Бұл ұйым Кешірім Бозтаевтың жеделхатынан кейін бір апта өткенде жұмысын бастады. Бозтаев пен Сүлейменов екі жақтап жүріп, ақыры полигонды жаптырты. Кейіннен Бозтаевтың «Семей полигоны. Қайнар қасіреті» атты кітабы жарық көрді.

Полигон жабылғанмен, одан кейінгі істерден де Кешірім Бозтаев тыс қалған жоқ. Ол – 1992 жылғы 18 желтоқсанда қабылданған «Семей ядролық сынақ полигонындағы ядролық сынақтар салдарынан зардап шеккен азаматтарды әлеуметтік қорғау туралы» заңының, Ядролық сынақтар салдарынан зардап шеккен тұрғындарды медициналық оңалту бағдарламасының авторы. 1996 жылы белгілі қоғам қайраткерлерімен бірге «Полигон – 29 тамыз» халықаралық қайырымдылық қорын құрды.

Елорда көшелеріне Аманжол Бөлекбаев, Бәйкен Әшімов, Мақтай Сағдиев, Салық Зиманов, Ұзақбай Қараманов сынды елдің өркендеуіне елеулі үлес қосқан мемлекет қайраткерлерінің аты берілді. Бұл қатарға атом оқпанын жапқан Кешірім Бозтаевты да қоюға болады деп есептейміз. Бас қаланың бір көшесі қайраткер атына әбден лайық. Бас қаладан Бозтаевқа көше бұйыра ма?



## БАРҒАН ЖЕРІҢНІҢ БИГІНЕ ШЫҚ, ҮЛКЕНІНЕ СӘЛЕМ БЕР!

Осы бата-тілек өзімізге қатты ұнайды. Дәм бұйырған жердің бәрінде орындап та келеміз. Әрине, сәлем беруге келсек, халықтан үлкен ешкім жоқ. Ал биікті сөз етер болсақ, оның ауқымы кең, мағынасы терең.

**Д**ос-жаранның, туған-туыстың сый-құрметінен, ұсынған төрінен бастап, сол қаланың, елді мекеннің ең көрікті жерлері, айтулы нысандары, мақтаулы орындары болып жалғасып кете береді. Жарнама жағаласқан тіршілікте бәрін көріп тауысу да мүмкін емес. Сөйтсе де, әр қала, ауыл ұлттық дәстүрге аса қиғаш емес, өзіне тән ырым-жырымы, салт-санасы, әдет-ғұрпы бар. Қазақтың «дастарханнан аттап кетуге болмайды» дегені сияқты өзге жұрттың да мәзірге, өзге дәрісіне байланысты ескеретін жайттары да жоқ емес.

Тау ету, зиярат жасаудан бұрын, сол қауымда, қоғамда қабылданған белгілі бір амалды іске асырудың өзі «қалауың болады немесе тілеуіңді береді, арманыңның орындалуына себепші» деп қиылып тұрса, жолбастаушы жетегіне қи-налысыз еріп кете барасың.

Мысалы, көңілге жақсы әсер қалдырған мекенге қайта айналып оралу үшін аққан суға шақа-тиын тастау, арнайы ескерткішті бірнеше рет айналып шығу, ең биік жеріне табан тигізу, із басу, орындыққа отыру сияқты жазылмаған рәсімдері бар. Бәлкім, жақсыдан үміт ету, сенім баласын иландыру әдісі болар немесе аңыз бен қиялға негізделген жоралғы шығар. Әйтеуір, ешкімге зияны жоқ, жан баласына кесірін тигізбейтін, заман ағымына көптен бері үйлесіп келе жатқан ишаралар ұшырасады.

Рас, қалыптасқан дәстүрге, діни танымға қайшы келіп қалатын сәттер де кездеседі. Оның біразын кезінде Шәкәрім, Мәшһүр-Жүсіп сынапты. Бір қызығы, қазақ айтатын «әй дейтін әже, қой дейтін қожа

жоқ» мәтеліндегі арабтан тыс «ажа»-да (әже) осы мәселе әлі күнге таласты. Сондықтан бұған тым тереңдемей-ақ қойыық...

Біздіңше, үлкен шаһарда зиярат ететін жер – көне қорымдар, мешіт-медресе орны, ғұламалар тұрған, қызмет еткен орындар. Ал, саяхаттайтын, тамашалайтын



Енді елорда маңында өр-кешті немесе жалды белесті, биік тауды көз алдыңызға елестетіп көріңіз. Мысалы, бізге көрші елдің символы – әйгілі Қытай қорғанының екі мың жыл бойы салынғаны жөнінде түрлі аңыз бекер айтылмайды. Ол – ор-тақ мақсаттағы

жерлер – «Бәйтерек» секілді ерекше ғимараттар. Астанадағы әл-Фараби, Кенесары, Абай, Бөгенбай батыр, Алаш зиялылары, С.Сейфуллин, Ж.Тәшенов, Б.Момышұлы, Р.Қошқарбаев т.б. тұлғалар, аштық құрбандары ескерткіштері – сыйынатын емес, тағзым ететін орындар. Болашақта, әлбетте, хандық туын тіккен Қозыбасы, ұлт тағдыры шешілген Аңырақай өзге де ақылға қонымды тарихи композициялар парктерде тұрғызылып жатса, сонда тәу етуге болатын сияқты.

Өздеріңіз білетіндей, алаш баласының ғана емес, әлемнің көзі түсіп отырған Астана қаласы жылдан жылға өркендеп, өсіп келеді. Одан да маңыздырақ табысымыз бар. Осы жылдары барша халқымыздың өз елордасына, әділетті елінің байтағына деген құрметі қалыптасып, нығайды. Қала тұрғындарының саны артты. Жыл маусымдарын құрғатпай жас астанаға келіп-кетіп жатқан меймандар мен туристердің қарасы да көбейген. Қаланың сәнін келтірген Есіл өзені ағып жатыр, жасыл желек орнамымыз да

жайқалып тұр. Ендігі жерде қала маңынан Астана тауын тұрғызатын жоба сұранып тұрғандай. Сәтін салса, бұл ұзақ жылға арналған бүкіл-халықтық іске ұласады деген үміт бар. Ол үшін барша отандасымыздың ғана емес, осында ат басын бұрған әрбір қонақтың, туристің ұлы іске үлес қоса алатынын жақсы ырымға балап, тәуекелмен «Тау» мәдени-экологиялық қозғалысын бастаған жөн. Мұндай әрекет өз тарихымызда да болған. Өркениетті әлемде осыған ұқсас бастамалар, тәжірибелер көптеп кездеседі. Мысалы, Сеулдің өртеніп кеткен қақпасын қайта қалпына келтіруді бүкіл қала жұртшылығы өз мойнына алып, жүзеге асырған. Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін Германия қала қирандыларынан кәдімгі жасанды тау тұрғызған. Мұндай акциялар елді топтастырып, халықты жұмылдыра түседі.

Аңыздарға қарағанда ұлы даламызда қарауыл төбелер осылай қолдан жасалған. Бабамыздан қалған бір сөз – «Ең асқақ мұнара да жерден көтеріледі».

күш-қуатты, жасампаздықты, ұрпақ сабақтастығын танытар идея.

Тау – арман мен сенім асқары. Оның пайдасы неде?

Біріншіден, мысалы, жазғытұрым ол кең тыныстап, иен далаға көз тастап, төңіректі шолуға мүмкіндік берсе, қыста шаңғы, шанамен сырғанап, түрлі спорттық жарыс өткізуге, жастардың сейіл құруына таптырмас өзін-өзі ақтайтын орын.

Екіншіден, осы бастаманы жасына, нәсіліне, шыққан тегіне қарамай қалың көпшілік, қоғамдық ұйымдар мен қозғалыстар қолдаса, бұл елдің бекіріп кеткен қақпасын қайта қалпына келтіруді бүкіл орындауға болатынын қарапайым адам да түсінеді.

Өйткені, бұл – жер қопарып, тау-тасты жерберекет көшіру емес. Ел қонған жердің асқар белін түзіп, биігін лайықты көтеру. Астананың шоқысы мен белесі, жотасы мен кезеңі асқар тауға бастап тұрса, бұл да бір жаңа заманның мүмкіндігін көрсететін елорда табысы болмақ.

Дархан МЫҢБАЙ

## «БЕТПАҚТЫҚ» БРЕНДІ

Иә, өзі ұялмаған, кісінің бетін шиедей қылады дегендей, замандастарымыздың әдепсіздігі, жөн-жосықсыз беттен алуы сияқты тағы басқа жаман әдеттілермен бетпе-бет келгенде не айтарымызды білмей тосылып қалатынымыз рас. Әрине, егер жанымызға батып кетсе, кез келген көкбетті қайтарып тастауға қауқарымыз бар ғой. Дегенмен, өкінішке қарай, бүгінгі таңда «бетпақтық» бренді басым түсіп, ол мінездің міні емес деп қабылдайтын жағдайға тап болып жүрміз.

Айгүл УАЙС

Теледидарда «шаштасып» жатқан жастардың өнегесі көшеге шығып, осы күнгі жастар басынан сөз асырмай, әдесе мәдеуге дайын тұр. Ересегінің есі бар деуге де келмес, сериалдардағы «енелер» бірінен бірі асып бет бақтырар емес. Жаманы, аярлық, жауыздыққа толы фильмдер де санамызды торлауда. Оған бүкіл дүниедегі қақтығыстарды қосыңыз, еліміздегі әлуеметтік жағдайдың күрделілігі тағы бар. Әлуеметтік желілерді ашып қалсаң, бүкіл запыраны жинап, елге шашып жатқан жазбалардан жаның тітіркенеді. Қоғамдағы адамдардың қарым-қатынасының белгілі бір өлшемі, моральдық-этикалық қасиеттері болушы еді. Оның тозығы жетіп, жаңа қоғамда жаңа межені бойымызға шақтағанымыз ба?!

Адам баласы әртүрлі ғой. Алған тәрбиесі, өскен ортасы тағысын тағылар мінез-құлқын да ізін қалдырып, кейде тұрмыстың тауқыметінен де ашынып, айналасын қарғап-

сілеп жататындар болған. Әлі де бар. Оларды мүсіркеп, түсіністікпен қарауға тырыса- тын. Олар да қанша ашуланса да, шектен шықпай, өз жөнін білуші еді, бірақ қоғамның бір бөлшегі деп қабылданбайтын. Адамдардың тәрбиелігі, ар-ұждан-ның та-залығы ба-сым түсіп, қоғам ал-

дындағы бар жауапкершілікті солар алып жүретін. Олардың көптігі қоғамның саулығын білдіретін. Ал бүгінгі күнде инабаттыларды керек қылмайтын, «бетпақтық» бренді бекітіп, солардың аты шауып тұрған қоғамды сау деп айта аламыз ба?

Көркем мінезді кемелдендіретін «мейірім», «сүйспеншілік», «жүрек жылулығы» деген сөздерге тіліміз келмейтін болды. Қажеттілігі болмаған соң жиі айтпаймыз. Бейтанысқа, не жасы үлкенге сіз деп сызылмаймыз. Менікі жөн деп кеуде қағамыз. Шыдамсызбыз. Атам заманнан «ұят болады» деген сөз, пенделік әлсіздіктеріміз бен нәпсіміздің ішкі тежеуші еді. Өз әрекетімізді сол тежеушінің арқасында қалыпта ұстайтын. Ол келмеске кетіп, кісіге қиянат жасайтындардың қатары көбейіп, сол әрекетінен рахаттанып, қолына билік тисе белшесінен басып, алмаса, жемесе, ішпесе, дүниені жалпағынан баспаса... Ондайды кем көретін болдық. Осылайша адамның мінез-құлқының жазылмаған заңдары қалыптасып жатыр. Басында «бетпақтық» тұрғаны жаңа батады.



Бурабайды әнге, әңгімеге қоспаған ақын, жазушы, айтыскер кемде-кем шығар. Көкшенің бұл жері табиғаттың қазаққа берген бір құдіретті сыйы ғой. Солай деп қаншалықты мақтан тұтқанымызбен қадірін әлі түсінбей келе жатқандаймыз.

## АРҚАНЫҢ МАРЖАНЫНА ҚАУІП ТӨНДІ

**Б**ылтыр қыркүйекте «Астана ақшамы» газетіне жазған мақаламда Бурабай көліне құятын бұлақтардың суалып қалғаны, солардың көзін ашу мәселесін көтергенмін. Бұл мәселені зерделеген сайын Бурабай тағдырының өте қиындап кеткеніне көзім жетіп, тағы да қолыма қалам алып, қағаз арқылы дабыл қаққым келді. «Бурабай» атты мемлекеттік ғылыми-өндірістік мекеме бар, сонда ғылым бөлімінде істейтін ғылыми қызметкер, ауыл шаруашылығы ғылымының кандидаты Евгений Архипов деген азаматпен танысып, Бурабай өңірі табиғатының тағдыр-талқысын сол кісінің аузынан естіп, мақаламның арқауына айналдырып отырмын.

Бытырғы мақаламды оқыған соң, «Оқжетпес» саяжайының басшылары, Көкшетау өңірінің волонтерлерімен келісім жүргізіп, жұмыс жасауға ниет білдіріп, маған бірнеше рет хабарласты. Ол үшін екі жаққа да рақмет айтамын. Бірақ бұл мәселенің шешімі бір атқарылатын жұмыспен бітпейтініне көзім

Осыншама қоқысты волонтерлер, студенттер, оқушылар жинаған. Оларға да мың да бір рақмет. Ауыртпалығы бұдан асып түсетін келесі проблема – қыдырып келген адамдар және олар мініп келген көлік. Көліктің көбейгені соншама, ұлттық парк ішінде, жол бойында иін тірескен автодан жолдар бойында жаяу жүру қиынға түсуде. Осы көліктер СО2 (көмірқышқыл газы), ал ішіндегі адамдар тамақ, ыдыс, қоқыс қалдықтарымен ұлттық паркімізді ластау үстінде. Осы екі мәселеге қарсы қолданысқа кіргізетін бір-ақ шара – ол Ұлттық парк ішіне барлық көлікті кіргізбеу, оның ішінде тек экомотобильдер – таза көліктер ғана жүруі қажет. Бұл жүйе дүниежүзінде туризмі дамыған елдерде түгел бар. Пойыздан, автобустан түскен адамдарды экоекөлкі қарсы алып, жетем деген орнына апарып отыру қажет. Астанадан, басқа қалалардан өз көлігімен келгендер, Шортанды қаласындағы тұрақта көлігін қалдырып, экоекөлкіке отырулары қажет. Одан кейінгі үлкен мәселе – ол жаңадан салынып жатқан құрылыс. Жап-



жетті. Бурабай өңірінің аумағы 122 300 гектар ғана, шамамен 2 үлкен ауыл шаруашылығы қожалығының аумағындай. Осы өңірде жоғарғы көл – Шортанды, төменірек – Бурабай көлі, сосын – Үлкен Шабақты көлдері жатыр. Антропогендік кірісудің арқасында Үлкен Шабақтының бір бөлігі автожолмен бөлінген, сол себептен су айналымы байланысына кедергі келіп тұр.

Жоғарыда аталған айдың көл су аймақтарының қалпы, негізінен, табиғатта болып жатқан қуандық пен ыстық толқындарға тікелей байланыста екендігі ғылыми негізде дәлелденіп отыр. Өз ғалымдарымыз және Ресей ғалымдарының тұжырымдамалары, 100 жылғы ғылыми байқау бойынша Бурабай көлдерінің тартылу динамикасы өткен ғасырдың тың өлкесін көтеру кезінде дәлме-дәл келген, одан кейін 2008-2012 жылдары төмендеген. 2016-2018 жылдары қар молдау түскен соң, су жағасы сәл көтерілген. Ал кейінгі 4-5 жылда тағы тартылу процесі болып тұр. Ал табиғаттың осылай құбылуына адамдардың да үлесі еселеп көбейген.

Ең алғашқы ауыртпалық – қоқыс. Оның көптігі соншама, кейінгі 3 жылда осы ұлттық парк аумағынан 6550 м³ қоқыс, бұл – 1100 КамАЗ-ға артылатын жүк.

Бейсембек ӘЛКЕНОВ,  
Астана тұрғыны,  
ауыл шаруашылығы  
саласының ардагері

№88 (4521) 27/07/2023 Бейсенбі

(Басы газетіміздің №87 санында)

## ТАҒЫ БІР ДЕРЕК

Мені таң қалдыратын бір нәрсе, біздің қазақтың ұлы адамдары туралы деректер көбінесе түсініксіз, қисынсыз немесе жалған болып келеді. Құдды біреулер қастандықпен бұрмалап қоятын сияқты. Бұған Әбу Насыр әл-Фарабидің, Арыстан бабтың, тіпті күні кеше жұрттың көпшілігі сауатты кезде өмірден өткен Қажымұқанның өмірбаянында қайшылықтар аз емес.

Қажымұқанның 18 жасынан ерекше күшімен көзге түсіп, 19 жасында Петербургтегі атақты Иван Лебедевтің балуандар даярлайтын мектебіне қабылданғаны бәріне белгілі жайт. Осында жобамең бір жарым жылдай күрес өнерін үйреніп, жобамең 2 жылдай уақыттан кейін, 21 жас шамасында күреске қатыса бастаған.

Қажымұқанның ең алғашқы ірі жеңіске жеткен және аты шетелдік басылымға да алғаш рет шыққан жылы – 1905. Франциядағы бүкіл дүниежүзілік французша күрестен өткен чемпионатта бас жүлдені – үлкен алтын медальді Поддубный алса, кіші алтын медальді Қажымұқан алған. Бұл кезде Қажымұқанның жасы шамамен 21-25 жас аралығында болуы керек. Бірақ қазіргі дерек бойынша Қажымұқанды 1871 жылы 7 сәуірде туған деп жазып жүр. Демек, 1905 жылы Қажымұқан 34 жаста болып шығады. Бұл ешқандай қисынға келмейді. Қажымұқан оқып, күрес, цирк өнерлерін үйренетін «Дядя Ваня» – Иван Владимирович Лебедевтің мектебі 1901 жылы алғаш рет ұйымдастырылып, жұмыс істей бастаған. Ал Иван Лебедевтің өзі 1879 жылы туған. Ол Қажымұқаннан үлкен болатын. Қажымұқан бұл мектепке 1902 жылы келгенде 19 жаста болған. (...Ол кең даланың асау жігіті. Өзі әлі бала, он тоғызға биыл шықты. ...Иә, Мұқан Дядя Иван мектебіне осылай түсті). (Қалмақан Әбдіқадыров. «Қажымұқан қағанаты». 65-66 бет).

Ал егер Қажымұқанды 1871 жылы туған деп алсақ, онда күрес мектебіне ол 31 жасында келген болып шығады. Бұл мүмкін емес.

Енді мына дерекке қараңыз: «Шәһар Троицк, 1 декабрь 1913 жыл.

Өткен ноябрьдің 5-інен бермен қарай Троицк шәһарімізде бүкіл Сібірге мәшһүр ойын-цирк



Жазушы Виктор Подрезов Шығыс Қазақстан облысының спорт тарихы туралы жазған «Восток – поэзия силы» атты кітабының Қажымұқан туралы естеліктер жазған бөлімін «Кумир степей» деп атапты. Жазушы «Қажымұқанның құпиялары» атты бөлімінде қазіргі Қажымұқанның туған жылы туралы деректің еш шындыққа тура келмейтінін көрсете келіп, балуанның бірінші әйелі Надежда Николаевна Чепковская «Қажымұқанның туған жылы – 1883 жыл» деп нақты көрсеткенін жазады.

# ҚАЖЫМҰҚАН ҚАЙ ЖЫЛЫ ТУДЫ? НЕМЕСЕ АҒЫЗ БЕН АҚИҚАТ



жасаушы Стрепетов деген келіп, ойын-тамаша көрсетіп жатыр.

Циркте ноябрьдің 15-інен бермен қарай күрес басталды. Телеграммамен, хатпенен хабар алып, бүкіл жаһандағы балуандар Троицкіге жиналып жатыр.

...Бұл балуандардың арасында біздің қазақтан да бір балуан бар. Бұл – бүкіл мұсылманның күштісі деп атайды. Аты Қажымұқан Мұңайтпас ұғлы. Жасы 30-да, мойнында 12 медалі бар».

Бұл мақала қазақтың тұңғыш журналисі Мұқамеджан Сералиннің Троицкіде шығарып тұрған «Айқап» журналының 1913 жылы 1 желтоқсанында шыққан 21-нөмірінде басылған. Авторы – Жиһанша Сейдалиев.

Қажымұқанның өзімен бетпе-бет сөйлесіп, сол күні жазылған деректе қате болмауға тиіс. Бұл дерек бойынша 1913 жылдан отыз жылды шегерсек, 1883 жыл шығады, сөйтіп Қажымұқанның туған жылы анықталады. Демек, 1905 жылғы дүниежүзілік чемпионатта Мұқан балуан 22 жаста болған. Бұл шындыққа жақын, қисынға келеді.

Жазушы Виктор Подрезов Шығыс Қазақстан облысының спорт тарихы туралы жазған «Восток – поэзия силы» атты кітабының Қажымұқан туралы естеліктер жазған бөлімін «Кумир степей» деп атапты. Жазушы «Қажымұқанның құпиялары» атты бөлімінде қазіргі Қажымұқанның туған жылы туралы деректің еш шындыққа тура келмейтінін көрсете келіп, балуанның бірінші әйелі Надежда Николаевна Чепковская «Қажымұқанның туған жылы – 1883 жыл» деп нақты көрсеткенін жазады.

Жазушы Әуелбек Қоңыратбаев Қажымұқанның өз айтуы бойынша жазған естелігінде «Қажымұқан Петербургке келгенде, оның 18-ге кәміл толған кезі еді. Иван Поддубный Қажымұқаннан 10 жас үлкен екен» деп жазады. Ал И.Поддубныйдың туған жылы – 1871 жыл.

Сәбит Мұқанов өзінің «Өмір мектебі» атты романының 3-кітабында Қажымұқан

туралы естеліктерін жазады. Осы еңбегінің «Көңілді сапар» атты әңгімесінде жазушы Қажымұқанмен 1918 жылдан таныс екенін айта келіп, 1925 жылы Орынбордан Ақмешітке (Қызылорда) пойызда бірге келгенін, Ақмешітке қонақүйде бір бөлмеде жатқанын әңгімелейді. «...Үкімет Қажымұқанды цирктің оқуына жіберіп, содан цирк балуаны болады да кетеді. Оқуға кеткенде ол он сегіз жаста болады. Бұнысына документі бар. Менімен сапарлас болған шақта Қажымұқан қырықты толық орталаған адам» дейді. Демек, Қажымұқан 1885-тен бұрынырақ (1883 ж.) өмірге келген болып тұр.

## ҚОРЫТЫНДЫ

Мен өзімнің «Қажымұқан қай жылы туған?» атты мақаламды жазған кезде (2017 ж.) атақты қажымұқантанушы ғалымдардың (М.Тәнекеев, М.Қызыкенов, Ғ.Тәшімбаевтардың) осы аттас мақаласы барын білмеген едім.

Бірақ Ғ.Тәшімбаев құрастырған «Күш атасы» (Алматы. «Қазақстан» 1990 ж.) атты кітабының 3-бетінде «Қажымұқанның шын туған жылы 1883 жыл» деп көрсетеді.

Ал Қажымұқанды ең терең зерттеген, бүкіл дүниежүзілік дене тәрбиесі комитетінің корреспондент мүшесі, дене тәрбиесі және спорт саласындағы қазақтың тұңғыш ғалым докторы әрі профессор, талантты ғалым М.Тәнекеев өзінің ең соңғы, Қажымұқанның 130 жылдығына арнап жазылған «Қажымұқан» (Алматы. «Білім». 2001 ж.) атты еңбегінде Қажымұқанның туған жылы 1883 жыл екенін кітаптың ішіндегі оқиғаларды баяндау кезінде үш жерде нақты көрсетіп кетіпті. Мысалы:

1) 16 жастағы бала Мұқанның Масликовтың шаңасын сүйрейдің оқиғасын «1899 жыл» (15-бет) деп нақты көрсетеді.

2) 18 жасар Қажымұқанның А.Злобинмен күресі өткен жылды «1901 жыл» (16-бет) деп нақты көрсетіп кетіпті.

3) «Фатима» атты бөлімде



«Егемен Қазақстан» газетіне жарияланған «Қажымұқан қай жылы туған?» атты ұсыныс мақаласын кездестірдім. Бұл менің ойым дұрыс екенін нақты дәлелдеді. Қажымұқан атамизды терең зерттеген барлық ғалым Қажымұқанның туған жылы 1883 жыл екенін нақты көрсетеді. Сонда Қажымұқанды 1871 жылы туған деген дерек қайдан шыққан?

Фатимамен алғаш танысуын: «1909 жылы Рига қаласында өткізілетін чемпионатқа Мұқан арнаулы шақырту алды» (27-бет), дей келіп: «...сол жылы жиырма алтыдағы Мұқанның жүрегі бірінші рет әлде бір сезімге бөленгендей болды» (29-бетте) деп, Қажымұқанның туған жылы 1883 жыл екенін баса көрсетіп кетіпті.

Қажымұқанды ең көп – 50 жылдан астам терең зерттеген дарынды ғалым М.Тәнекеев өзінің ең соңғы зерттеу еңбегінде Қажымұқанның туған жылы 1883 жыл екенін кітаптың басында ашық айта алмаған. Себебі, сол жылы үкіметтің арнайы қаулысымен Қажымұқан балуанның 130 жылдығы арнайы тойланып жатқан болатын. Кітап та осы тойға арнайы шығарылған болатын. Сонда да болса кітаптың ішінде үш жерде Қажымұқанның туған жылы 1883 жыл екенін нақты көрсетіп кетіпті.

Жазушы Виктор Подрезов те Шығыс Қазақстан облысының

спорт тарихы туралы жазған «Восток – поэзия силы» атты кітабында Қажымұқанның туған жылы 1883 жыл екенін айтады. Оларға қоса Қажымұқанды кезінде көзбен көрген, жақсы таныған кісілердің естеліктері де қазіргі ресми дерек бойынша Қажымұқанның туған жылы 1871 жыл деген дерек мүлдем шындыққа жанаспайтынын көрсетіп кетеді.

Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлы өзінің «Қажымұқан» атты шығармасында:

«Мың тоғыз жүз, жыл еді, жиырма үш, Ионнің он бесі еді, жұма күні. Кез болып, міне, биыл, көрдік өзін, Бұл бір ер түгел кезген дүние жүзін.

Бұл күнде тұрған жасы қырықтан асқан, Елуге емес әлі аяқ басқан. Жасасын, ер жасасын, жасымасын,

Жеті ықылымға қазақтың атын шашқан!» деп, 1923 жылы Қажымұқанды өз көзімен көргенде балуанның жасы 40-тан енді асқанын айтады. Осыларды қорытындылай келе, мен өзімнің «Қажымұқан қай жылы туған?» атты мақаламды жазған едім.

2021 жылы Қажымұқан атамиздың 150 жылдығына орай кітап шығару үшін деректер іздестіру барысында Шәуілдірдегі «Руханият – Әбу Насыр әл-Фараби» музейінен Қажымұқан туралы деректер қорын ақтарып отырып, атақты қажымұқантанушы ғалымдардың 21 сәуір 1998 жылы «Егемен Қазақстан» газетіне жарияланған «Қажымұқан қай жылы туған?» атты ұсыныс мақаласын кездестірдім. Бұл менің ойым дұрыс екенін нақты дәлелдеді. Қажымұқан атамизды терең зерттеген барлық ғалым Қажымұқанның туған жылы 1883 жыл екенін нақты көрсетеді.

Сонда Қажымұқанды 1871 жылы туған деген дерек қайдан шыққан? Бұл Қажымұқан 1871 жылы туған деген дерек М.Қызыкеновтің қолындағы Қажымұқанның төлқұжатынан алынған. Ал ол төлқұжатты Қажымұқанға 1946 жылы Әуелбек Қоңыратбаев алып берген. Бұл туралы Ә.Қоңыратбаев өзінің «Баһадүр» атты кітабында былай деп көрсетеді:

«Қажекен өзінің паспортына өкісінің атын қоймайтын, тек қана «Хаджи-Мухан» дей салатын. 1926 жылы алынған, әбден тозығы жеткен паспортын орманға түйіп жүретін. Оны мен сол сапарда жаңартып бердім. Аудандық милиция бастығы қазақшаға жетік, ашаң жүзді татар жігіті екен. Ол балуанға қарап:

– Аға, мына паспортыңызда әкеңіздің аты жоқ екен, соны айтып жіберсеңіз, – деді. Сонда Қажекен:

– Шырағым, дүниеде екі адамда фамилия болмайды: оның бірі – Құдай, екіншісі – молда. Құдайдың өкісін сұрап жатқан ешкім жоқ, менің де аты жөнімді «Хаджи-Мухан» дей салған, ешкім шатаспайды, – деп еді, жұрт ду күлді».

Қажымұқан жайлы кітап жазуға барған Ә.Қоңыратбаевқа Қажымұқанның паспортын ауыстырудың не қажеті бар еді? Менің ойымша мәселе осы Ә.Қоңыратбаевтың басшылардан алған құпия тапсырмасында жатыр.

Қажымұқанға тұрақты зей-

нетақы тағайындау мәселесі ҚазКП ОК хатшысы, ұлты орыс Г.Б. Борковтың кесірінен шешілмей қалады. Енді Ә.Қазақбаев пен Н.Оңдасыновтар бұл шаруаны төменнен жоғары қарай, халықтың ұсынысымен шешуді жоспарлайды. Бұл үшін Ғылым Академиясына, онда Ғ.Мүсірепов Қажымұқанмен бұрыннан жақсы таныс Әуелбек Қоңыратбаевқа тапсырма береді. Сол үшін Ә.Қоңыратбаев Қажымұқан тұратын Ақтөбе ауылына 10 күнге жолсапарға жіберіледі. Жолсапардың ресми мақсаты – Қажымұқан туралы кітапқа дерек жинау. Құпия тапсырма – Қажымұқанға тұрақты зейнетақы тағайындау мәселесін ұйымдастыру. Ә.Қоңыратбаев 1946 жылдың мамыр айының 15-25 аралығында Ақтөбеде болып, бұл тапсырманы өте жақсы орындап шығады. Ол осы сапары кезінде Ақтөбе колхозының төрағасы Махан Мыңбаев пен Шілік ауылдық кеңесінің төрағасы Төле Талдыбаевтарға қол қойдырып, мөр бастырып, Қажымұқанның жерлес колхозшылары атынан жоғарыға хат жаздырады. Ол хатта Қажымұқанның қазақ халқы алдындағы еңбектерін тізіп айта келіп, Қажымұқан мен балаларына дербес пенсия тағайындап, тиісті жағдай жасауды ұсынады.

Аудан атынан жоғарыға жазылған осындай ұсыныс хатқа аудандық атқару комитетінің төрағасы Жұмабаев, аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы Ахметов, Ұлттық ғылым академиясының атынан Әуелбек Қоңыратбаев қол қояды. Облыстан жоғарыға жазылған осындай ұсынысты облыстық атқару комитетінің, партия комитетінің, спорт қоғамының, жазушылар одағы филиалының басшылары қолдап қол қояды. Осы құжаттар негізінде облыстық әлеуметтік қамсыздандыру бөлімі Қажымұқанға пенсия тағайындауға толық негіз бар деген анықтама береді.

Бұл құжаттар жинақталып Министрлер кеңесінің төрағасы Н.Оңдасыновқа, одан Әлеуметтік қамсыздандыру министрлігіне жолданады. Осы құжаттар негізінде Қаз ССР Әлеуметтік қамсыздандыру министрлігінің еңбек зейнетақысын тағайындау комиссиясы Қажымұқанға 1 шілде 1946 жылдан өмірлік, ай сайын 500 сомнан пенсия тағайындауға қорытынды шығарады. Бұл тапсырманың жылдан орындалғаны соншалық, мамыр айының соңында ауылдан шыққан хат қаншама инстанциядан бір-ақ айда өтіп, 1946 жылдың 1 шілдесінен бастап Қажымұқанға 500 сом республикалық дербес пенсия, 1946 жылдың 1 қазанынан бастап балаларына 200 сом республикалық дербес пенсия тағайындалады.

Ә.Қоңыратбаев осы сапары кезінде Қажымұқанның 1926 жылы алған, әбден ескірген паспортын ауыстырып, туған жылын 1871 жыл деп жазғызып береді. Бұл Қажымұқанды хатта көрсетілгендей 75 жаста деп, пенсия тағайындауға ыңғайлы болса керек.

Жұртты шатастырған төлқұжат осылай алынған. М.Қызыкеновтің қолына түскен осы төлқұжат. Ол төлқұжат М.Қызыкеновтің қолына 1959-60 жылдары түскен екен. Бұл туралы Жанболат Әлиханұлы (Аупбаев) өзінің «Тұяқ» атты еңбегінде былай деп жазады: «Бұл хабарға көңілденген Халыкең (Халилола Мұқанов) Маркс ағамызға өзі білетін бар әңгімені бүкпей айтып, қайтарында оған қолындағы құнды құжат – өкісінің паспортын береді. Бұл сол кездегі даулы мәселе – балуанның қай жылы өмірге келгенін анықтауға мүмкіндік береді.

Бекжан БЕЙСЕНБАЙ,  
қажымұқантанушы

(Жалғасы бар)

## «АСТАНА ҚАЛАСЫ БОЙЫНША ТЕКСЕРУ КОМИССИЯСЫНЫҢ 2023 ЖЫЛҒЫ 2-ТОҚСАНДАҒЫ ҚЫЗМЕТІНІҢ ҚОРЫТЫНДЫЛАРЫ ТУРАЛЫ»

Мемлекет экономикасын табысты басқару қаржы ресурстарының тиімділігін жоспарлау, пайдалану және бақылау элементтері арасындағы жүйелі талдау негізінде қамтамасыз етіледі. Басқарудың маңызды құралы мемлекеттік аудит болып табылады.

Сыртқы мемлекеттік аудиттің және қаржылық бақылаудың уәкілетті органы ретінде Астана қаласы бойынша Тексеру комиссиясы қызметінің мақсаты [www.rkastana.gov.kz](http://www.rkastana.gov.kz) сайтында орналастырылатын тиісті жылға арналған мемлекеттік аудит объектілерінің Тізбесі негізінде жүзеге асырылатын жергілікті бюджет қаражатын, мемлекет активтерін және квазимемлекеттік сектор субъектілерін басқару мен пайдаланудың тиімділігін арттыру болып табылады.

2023 жылдың 2 тоқсанында елорда Тексеру комиссиясы 6 аудиторлық іс-шара бойынша отырыстар өткізді, онда 24 объект қамтылды, оның ішінде мемлекеттік мекемелерде – 7, квазимемлекеттік сектор объектілерінде – 5 және қарсы мемлекеттік аудит объектілерінде – 12 (жеке кәсіпкерлер, жауапкершілігі шектеулі серіктестіктер, қоғамдық қор). Аудитпен қамтылған қаражаттың жалпы сомасы 82 508,3 млн. теңгені құрады.

Аудиторлық іс-шаралардың қорытындысы бойынша жалпы сомасы

124 325,2 млн. теңгеге бұзушылықтар анықталды (қамтуды асып түседі, өйткені шоғырландырылған қаржылық есептілік аудиті кезінде қамту көзделмеген), оның ішінде:

1) қаржылық бұзушылықтар – 65 162,7 млн. теңге, олар бюджетке өтелуге және/немесе құжаттарды сәйкес келтіру және/немесе жұмыстарды орындау арқылы қалпына келтіруге тиіс;

2) бюджет қаражатын тиімсіз пайдалану – 48 055,1 млн. теңге;

3) тиімсіз жоспарлау – 11 107,4 млн. теңге.

Сонымен қатар, аудит объектілерінің қызметінде 857 процедуралық бұзушылық және 132 жүйелік кемшілік анықталды.

Бүгінгі таңда қаржылық бұзушылықтардың өтелуге тиіс

1 445,6 млн. теңгенің 81,6 млн. теңгесі (5,7%) өтелген, 60 296,7 млн. теңгенің

38 895,7 млн. теңгесі (64,5%) қалпына келтірілген.

Жалпы аудиторлық іс-шаралардың қорытындылары есепті кезеңде аудит объектілері тарапынан бюджет қаражаты мен мемлекеттік мүлікті тиімді пайдалану қағида-тын, басшылық тарапынан дұрыс басқару шешімдерін қабылдау фактілері, сондай-ақ қаржылық есептілікті ықтимал бұзу және бұрмалау тәуекелдерін көрсететін ішкі бақылау жүйесінің кемшіліктері байқалатынын көрсетті.

Квазимемлекеттік сектор субъектілерінің қызметі құрылтай, стратегиялық және жоспарлы құжаттарда айқындалған мақсаттардан,

міндеттерден және қағидалардан елеулі ауытқулармен, сондай-ақ қолданыстағы заңнама мен ішкі құжаттарды бұза отырып жүзеге асырылған.

Мысалы, «Astana» ӘКК» АҚ – да (бұдан әрі - Қоғам) жүргізілген аудит Қоғам 141,9 млн. теңге сомасында табыс әкелген үй-жайларды жалға беру бойынша жарғылық емес қызметті жүзеге асырған, сондай-ақ 337,7 млн. теңгеге қайырымдылық және демеушілік көмек көрсеткен, бұл Қоғам Тұжырымдамасы мен Жарғысында айқындалған мақсаттар мен міндеттерге сәйкес келмейтінін анықтады.

Тағы бір мысал, «Astana Invest» қалалық инвестицияларды дамыту орталығы» ЖШС-де аяқталмаған құрылыс объектісін (Түркістан көшесі бойындағы желілік саябақ) пайдалану бойынша шаралар қабылданбаған, бұл мемлекеттік мүлікті тиімсіз пайдалануға әкелген. Бұдан басқа, «Falcon Euro Bus» ЖШС «Сервистік орталығы бар автобус паркі» инвестициялық жобасын іске асыруға берілген құны 315,8 млн. теңге болатын жер учаскесі (3,5 га.) мақсаты бойынша пайдаланылмайды.

Қазақстан Республикасы Жоғары аудиторлық палатасының тапсырмасы бойынша спорттық және шығармашылық тапсырыстарды (Артспорт) іске асырудың тиімділігі және автомобиль жолдарын салуға бюджет қаражатын жұмсау бойынша аудиторлық іс-шаралар өткізілді.

Сонымен, Артспорт бағдарламасының аудиті [artspport.edu.kz](http://artspport.edu.kz) платформасын жөндеу техникалық қолдау бөлігінде пысықтауды талап ететінін және «электрондық үкімет» жүйесі Денсаулық сақтау, Оқу-ағарту, Әділет министрліктерінің ақпараттық жүйелерімен интеграцияланбаған, бұл біздің бағалауымыз бойынша мемлекеттік шығармашылық тапсырысты іске асыру кезінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін тудыратынын анықтады.

Бюджеттік бағдарламалардың жауапты әкімшілері 10,7 млрд.теңгеге (Мәдениет басқармасы – 4,8 млрд. теңге, Спорт басқармасы – 5,9 млрд. теңге) шығыстарды тиімсіз жоспарлауға әкеп соққан бюджеттік өтінімдердегі есептерге ақпараттың толықтығы мен дұрыстығын қамтамасыз етпеген.

Аудит жеткізушілерден өтінімдерді қарау мерзімдерін бұзудың 348 жағдайын анықтады (мемлекеттік шығармашылық тапсырыс бойынша 141 және мемлекеттік спорттық тапсырыс бойынша 207). Жеткізушілер Астана қаласына аумақтық жатпайтын (елордада тіркелмеген), есепке алу табелдеріне сәйкес елорданың шығармашылық үйірмелері мен спорт секцияларына барған,

3,0 млрд.теңгеге жуық қаражат жұмсалған, бұл бюджет қаражатын тиімсіз пайдалану болып табылатын және жергілікті бюджеттің экономикалық шығындарына әкеп соққан балалардың 10 812 ваучерін белсендіруге

жол берген.

Сонымен бірге, мемлекеттік шығармашылық және спорттық тапсырыстарды жас шектеулерін сақтамау, ЖСН-нің дұрыстығын тексермеу, төлем жүргізілген үйірмелер мен секцияларға бармау фактілері, аумақтық тиесілігі бөлігінде төлеу кезінде бюджет қаражатын 406,8 млн. теңгеге негізсіз пайдалану анықталды.

Өз кезегінде, жол құрылысына бағытталған бюджет қаражатын пайдалану аудиті жобаларды ішінара қаржыландыруды көрсетті, бұл аяқталмаған объектілер (ұзақ құрылыс) санының ұлғаюына әкеліп соқтырды, нәтижесінде бюджет қаражатын 2,0 млрд.теңгеге жуық тиімсіз пайдалануға әкелген. Мысалы, 2023 жылдың басында елорданың Көлік және жол-көлік инфрақұрылымын дамыту басқармасында 191 млрд. 286,2 млн. теңге сомасына аяқталмаған 157 құрылыстың жобасы анықталды (мысалы, Комсомольский тұрғын алабындағы жолдар мен инженерлік желілерді салу және реконструкциялау бойынша (2 кезек) құрылыс шарты 2014 жылы жасалған, құрылыс монтаждық жұмыстар 2015 жылдан 2018 жылға дейін жалғасты, содан кейін жұмыстар тоқтатылды және 2020 жылға қайта басталады және қайтадан тоқтатылады).

Мердігерлік шарттарға көптеген қосымша келісім жасасу және қаржыландыру сомалары бойынша өзгерістер енгізу, бекітілген ЖСҚ-ны бұза отырып, орындау мерзімдерін ұзарту арқылы жұмыстардың аяқталу мерзімдерін кешіктіру фактілері орын алған (мысалы: «Ш.Бейсекова көшесі мен Н. Тілендиев даңғылының қиылысында жолайрығы құрылысын салу» жобасы бойынша 2014 жылғы 10 қарашадағы «Мостостроительная компания» ЖШС-мен жасалған шартқа Компания 29 рет қосымша келісімдер енгізілген).

Сонымен қатар, бақылау тексерулерімен 109,3 млн. теңге, орындалмаған және сапасыз орындалған жұмыстар анықталды. Бұл авторлық және техникалық сүйемелдеу қызметтерін тиісті деңгейде жүзеге асырылмағанын көрсетеді. Бұл ретте, мердігер жөбеда көзделген жұмыс көлемін орындамаған кезде ақшалай қаражатты қайтармау тәуекеліне әкеп соғатын орындалған көлем актілері бойынша өндіріп алуға және ұстап қалуға жатпайтын мердігерлерге аванстық төлемдер белгіленген (мысалы: Астана қаласындағы «Мәңгілік Ел даңғылынан Нұра көшесіне дейінгі учаскеде Т. Рысқұлов көшесінің құрылысы» жобасы бойынша 2,9 млрд. теңге сомасында 2022 жылғы шарт бойынша 448,9 млн. теңге сомасында аванс аударылды, одан әрі ағымдағы жылы авансты өтеусіз 393,8 млн. теңге сомасындағы аванс қайта аударылды, бұл ретте орындалған жұмыстардың актілері жоқ).

Үшінші жылы жергілікті бюджеттің шоғырландырылған қаржылық есептілігіне аудит (бұдан әрі – ЖБ ШҚЕ) жүргізіледі, ол ЖБ ШҚЕ барлық маңызды қатынастарда бюджеттік қаржылық жағдайын сенімді түрде көрсететінін көрсетті. Айта кету керек, мұндай аудитті жыл сайын өткізу осы бағыттағы жұмысқа оң әсер етеді және объектілердің жауапкершілігін арттырады, бұл қаржылық бұзушылықтардың қысқаруымен расталады (2020 жыл – 1 трлн. 75 млрд. теңге, 2021 жыл – 57,5 млрд.теңге, 2022 жыл – 56,8 млрд. теңге).

Тексеру комиссиясының отырыстарына Астана қаласы мәслихатының депутаттары тұрақты негізде шақырылатынын, онда барлық проблемалық мәселелер, сондай-ақ аудит объектілерінің қызметін жақсартуға және тұтастай алғанда Астананы дамытуға бағытталған ескертулер мен ұсыныстар белсенді талқыланатынын атап өткен жөн. Бұдан басқа, шешуді талап ететін маңызды мәселелер мәслихаттың тұрақты комиссиялары шеңберінде де қаралады.

Барлық проблемалық мәселелер бойынша жүргізілген аудиторлық іс-шаралардың қорытындылары бойынша ақпарат Астана қаласының Мәслихат төрағасына және Әкіміне жіберіледі, сондай-ақ ведомстволық сайтта орналастырылады.

Есепті кезеңде Астана қаласы бойынша Тексеру комиссиясы барлық бұзушылықтар бойынша мұдделі ұйымдарға белгилерді енгізудің маңызын атап өткен жөн. Бұдан басқа, шешуді талап ететін маңызды мәселелер мәслихаттың тұрақты комиссиялары шеңберінде де қаралады.

Есепті кезеңде Астана қаласы бойынша Тексеру комиссиясы барлық бұзушылықтар бойынша мұдделі ұйымдарға белгилерді енгізудің маңызын атап өткен жөн. Бұдан басқа, шешуді талап ететін маңызды мәселелер мәслихаттың тұрақты комиссиялары шеңберінде де қаралады.

Сонымен қатар, жіберілген бұзушылықтар үшін 32 лауазымды тұлға тәртіптік жауапкершілікке тартылды. Уәкілетті органдарға қарау және шешім қабылдау үшін 76 факт бойынша әкімшілік материалдар жіберілді, оның ішінде 54 факт бойынша 4,5 млн.теңге сомасына айыппұл салумен заңды тұлғалар мен аудит объектісінің лауазымды тұлғалары тартылды, 21 факт бойынша әкімшілік іс жүргізу қарау сатысында, 1 факт бойынша – әкімшілік іс жүргізуді қозғаудан бас тартылды.

Сондай-ақ, қылмыстық құқық бұзушылық құрамы белгілерінің болуына байланысты рәсімдік шешімді қарау және қабылдау үшін Астана қаласының прокуратурасына 3 материал жіберілді.

Алдағы уақытта елордада қаржылық тәртіпті нығайту және экономикалық тұрақтылықты қамтамасыз ету мақсатында Тексеру комиссиясы мемлекеттік бюджет қаражаты мен активтерін пайдаланудың тиімділігін арттыруға, Қазақстан Республикасы заңнамасының нормаларын бұзудың алдын алуға және азайтуға бағытталған іс-шараларды жалғастыратын болады.

«Астана қаласы бойынша Тексеру комиссиясы» ММ

Өткен ғасырдың басында елімізге келген алапат ашаршылықтан көшпенді халқымыздың миллионнан астамы опат болғаны тарих беттерінен белгілі.

## ҚАДІРМЕНДІ ЖАНДАР

Сол кезеңдегі 1928 жылы, Қарағанды облысының батысында орналасқан, тарихы терең, қасиетті Ұлытау жерінде, «Қаракеңгір» мекенінде Нұртай Дәрімбетов дүние есігін ашқан екен.

Қиын-қыстау кезеңге байланысты, Нұртай атамның өкілдері енді ғана түзеле бастағанда, соғыстың оты тұтанып, ауыр қайғы бастарына төнеді. Қолдарына мылтық ұстай алатын ер-азаматтар бірі қалмай майданға аттанып, ауылдағы тіршіліктің жүгі әйелдер мен Нұртай сияқты жасөспірімдердің иығына түседі. Он беске толған жасөспірім балалар аналарына қолқанат болып, науқандық жұмыстарға белсене араласып кетеді. Олар шаруашылықтағы әртүрлі ауыр жұмысты атқарады.

Елгезек, зейінді жасөспірім Нұртай жұмыс істей жүріп, зауыттың жұмысшылары мектебіне оқуға түседі. Ол мектептен электр дәнекерлеуші мамандығын игеріп, тау-кен басқармасына жұмысқа орналасады. Соғыс аяқталғаннан кейін Қарқаралыдағы зооветеринарлық техникалық аяқтап, колхозда техник болады. Атамыз білімін мұнымен тоқтатпай, Қарағандыдағы мұғалімдер институтына оқуға түседі. Оны үздік бітіріп, өзі тұрып жатқан колхоздың мектебіне директор болады. Сол мектептен түлеп ұшқан тұлғалар халық шаруашылығының барлық саласында табысты еңбек еткен екен.

Осындай үлгілі істерінің арқасында көзге түсіп жүрген ақсақал, 1952 жылы аудандық комсомол комитетіне хатшы болып сайланады. Бұдан соң Нұртай Дәрімбетов Алматыдағы жоғарғы партия мектебіне жіберіледі. Мектепті бітірген соң Жылан селолық кеңесінің төрағасы болып, он үш жыл табысты шаруалар атқарады. Селоға Қ.Сәтпаев есімінің берілуі, әлеуметтік, тұрмыстық, мәдени ошақтардың бой түзеуі, жолдардың жөндеуі Нұртай ақсақалдың жанқиярлық еңбегінің жемісі екені айқын.

Қ.Сәтпаев қаласына қоныс аударғанда да атамның белсенді



Нұртай Дәрімбетов және Әлел Бұрабаева

жұмыстарын жалғастыра береді. Маңызы зор көнерген ескерткіштерді жаңартуға атсалысады. Осындай жемісті еңбектерінің нәтижесінде Сәтпаев қаласының «Құрметті азаматы» атағына ие болады.

Бұл күндері қадірменді ақсақал жан жары Әлелмен Астанада тұрып жатыр. Зайыбы да, соғыс жылдары он бір жастағы бала болса да, аянбай еңбек етіп, соғыстың жеңіспен аяқталуына үлес қосқан жан. Әйелдермен бірге, анасының қасында отырып Әлел көп нәрсені аяқталуына үлес қосқан жан. Әйелдермен бірге, анасының қасында отырып Әлел көп нәрсені аяқталуына үлес қосқан жан. Әйелдермен бірге, анасының қасында отырып Әлел көп нәрсені аяқталуына үлес қосқан жан. Әйелдермен бірге, анасының қасында отырып Әлел көп нәрсені аяқталуына үлес қосқан жан.

Нұртай ақсақал Әлел апамызбен Қарсақпайда танысып, көңілдері жарасады. Ортақ шаңырақ құрып, бақытты өмір кешеді. Дүниеге Майра, Байдалы, Бисенәлі, Гүлнәш, Сәуле, Зауреш, Нұрлан есімді балаларды әкеледі. Олардың бірі – ұстаз, бірі – инженер, бірі – заңгер мамандықтардың иегерлері. Бәрі де әкелері салған жолмен жүріп жатыр.

Әлел апамыз – балаларды бағумен қатар, Қарағандының педагогикалық училищесін тәмамдап, төменгі сынып оқушыларына білім мен тәрбие берген адам. Қос еңбеккер жандардың жанұясында қашанда сыйластық пен құрмет басты орында болады. Қазақтың «ата көрген оқ жонар, ана көрген тон пішер» дегендей,

Нартай ақсақалдың үлкен ұлы Байдалы – мемлекеттік қызметтегі адам. Ол – экономика ғылымдарының кандидаты. Абай атындағы Қазақ педагогикалық институтын, Қарағанды кооператив институтын және Мәскеудің Еңбек және әлеуметтік қатынас академиясын тәмамдаған.

Осы орайда ақсақалдың кенже қызы Зәуреш:

«Әкеміз өте балажанды адам. Ол сонымен қатар өзіндік апасы Зұлқияны, қарындасы Нұрсұлу мен Зояны, інісі Бақытжанды қасынан қалдырмайтын. Оларға қолынан келген жақсылығын аямайтын. Ағайын-туғандарын да ұмытқан емес. Біздер әкеміздің осындай қасиеттерін мақтан етеміз. Біздерді әкеміз тауға жиі апарып, жабайы өсетін бұлттың, қарақат, шие теретін біз. Тауда жүргенімізде әкеміз ән шырқайтын, қызық-қызық әңгімелер айтатын» деп, әкесінің өздеріне деген мейірімділігін жеткізді.

Еліне, жеріне, ағайын-туғанына қадірменді Нұртай ақсақал қазір тоқсан беске, ал жастайынан қасында жүрген жан жары Әлел тоқсан үшке келіп отыр. Атамыз сүйікті балаларынан он үш немере, алты шөбере көрді. Алла бұйырса, таяуда Айбике шөбересі ұзатылмақ.

Құрметті ақсақалға алдағы уақытта шөпшек көру жазсын деп тілейміз. Аман жүріңіз, ардақты ақсақал!

Баянды ӘЛПИ, Алматы аудандық Ардагерлер кеңесінің мүшесі

Құрметті қала тұрғындары мен қонақтары! «Столичная дезинфекция» ЖШС 25.07.2023 жылдан бастап Астана қаласының ірі, таяз және уақытша су айдындарында және ашық стаңияларында 4-турда малаларды жою жұмыстары басталатынын хабарлайды. Тел.: 38-20-08, 8-700-30-50-30.

«Ваш Столичный Ломбард» ЖШС күн сайын кепіл мүлкін соттан тыс сатуға жүзеге асырады. Ломбардтарда ашық аукционда сату арқылы, зергерлік бұйымдар түріндегі мүлікті. Толығырақ: [vsl.kz/torgi](http://vsl.kz/torgi).

А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институтының ұжымы «Тұран-Астана» университетінің ректоры, профессор Гүлжамал Әлкенқызы Жапароваға ағасы Берікбол Әлкенұлының қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып көңіл айтады.

## СӘКЕНДІ ТАНЫТАТЫН ТУЫНДЫЛАР

Келесі жылы көрнекті мемлекет қайраткері, ақын, жазушы, драматург, халық композиторы Сәкен Сейфуллиннің туғанына 130 жыл толады. Қазір тұғырлы тұлғаның өмірі мен шығармашылығына арналған киносценарий мен опера дайын тұр. Қос туындының авторы, Сәкеннің насихатына мол үлес қосып келе жатқан сегіз қырлы, бір сырлы азамат Қанат Жүнісов жақында осы шығармаларын Мәдениет және спорт министрі Асхат Ораловқа таныстырды.

Бір атап өтерлігі, Қанат Жүнісов осыдан 9 жыл бұрын Сәкеннің 120 жылдығына орай «Сәкен – сұңқар» пьесасын жазып, бұл туындыны тарихи трагедия жанрында Қ.Қуанышбаев атындағы Мемлекеттік академиялық қазақ музыкалық-драма театрында белгілі режиссер, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Әлімбек Оразбеков сахналады. Сол уақытта көзі тірі көрнекті ғалым, сәкентанушы Тұрсынбек Көкішев аталмыш спектакльге жоғары бағасын берді.

Ал «Сәкен» операсы концерттік нұсқасының премьерасы Қазақ ұлттық өнер университетінде өткен қыста өтті. Оның либреттосының авторы Қанат Жүнісов болса, музыкасын жазған – композитор Әліби Әбдінұров. Бұл шығарма быттыр жыл аяғында «Дала дауысы» республикалық шығармашылық байқауының «Үздік музыкалық-театрлық жаңа туынды» аталымында топ жарды. Алайда опера аталмыш оқу орнының шығармашылық ұжымдарының күшімен қойылған еді. Концерттік



қойылымды қоюдың өз ерекшеліктері бар. Туынды опера театрында, кәсіби актерлердің қатысуымен қойылғанда әсер бөлек болады. Кәсіби өнер ордасында сахналғанда да қалың көрермен жинай алады. Міне, осы операға Мәдениет және спорт министрі Асхат Оралов қызығушылық танытты.

Қанат Жүнісовпен кездесуде министр Сәкен туралы фильм мен операға қатысты: «Ұсыныс қызық. Әсіресе, опералық қойылым. Біз отандық авторлардан спектакльдер санын көбейтуге бағыт алдық. Сондықтан бұл мәселе мұқият зерттеледі. 2030 жылға қарай қазақстандық авторлардың қойылымдарының санын 600-ге дейін арттыруды жоспарлап отырмыз» деді.

Бүгіндері сахналып жүрген ұлттық опералар саусақпен санарлық. «Сәкен» операсы бұл олқылықты шамалы болса да толтыра еді. Бірақ музыкалық туынды опера театрында қойылуы үшін тиісті іріктеуден өтуі керек. Көркем фильм де солай. Яғни, оны да іріктеу күтіп тұр. Өте ме, өтпей ме, алдағы күндердің еншісінде. Бұл кинотуынды алдында бірнеше рет тиісті комиссия отырыстарында қабылданбады. Оның әртүрлі себептері бар. Кейінгі жылдары тұлғаларға қатысты фильмдер біраз түсіріліп жүр. Көрермендердің бұл фильмдерге қатысты пікірі де әралуан. Алайда опера да, фильм де сәкентануға үлес қосатыны анық. Министрдің аталмыш туындыларға көңіл аударғаны қуантады. Оң шешім қабылдануына үміттіміз.

## ПЕРҒАУЫНДАР ПІР ТҰТҚАН ҚАЗАҚ

Астана қаласының орталықтандырылған кітапханалар жүйесінің ұйымдастыруымен «Қаламгерлер» аллеясында Дешті Қыпшақта дүниеге келіп, Мысырда ел басқарып, аты аңызға айналған Бейбарыс Сұлтанның туғанына 800 жыл толуына орай «Перғауындар пір тұтқан қазақ» атты әдеби саяхат өтті.

Бұл шараның мақсаты – Дешті Қыпшақ ұланы Бейбарыс Сұлтанның өмірі мен батырлық болмысын, қайраткерлігі мен ержүректігін дәріптеу, кітап оқуға баулу, тұлғатануға қызығушылық ояту. Шара барысында бас қаланың орталықтандырылған кітапханалар жүйесінің директоры Гүлбадан Мәдібаева, елорданың Орталық балалар және жасөспірімдер кітапханасының кітапханашысы, Қазақстанның Мәдениет қайраткері, Кітапхана ісінің үздігі Сағынш Шүйсенқызы, басқалар да Бейбарыс Сұлтанның өмірі мен тұлғасына тоқталды.

«Бейбарыс Сұлтан және оның дәуірі» тақырыбында әңгіме қозғалды. «Қазақ баласы Мысыр сұлтаны» кітап көрмесі ұйымдастырылды. Тарих тақырыбына көп қалам тербеген ақын, жазушы,

аудармашы Орынбай Жанайдаровтың «Ежелгі Қазақстан әфсаналары», шығыстанушы ғалым, тарих ғылымдарының докторы Болат Көмековтің еңбегіне, шығыстанушы Қайрат Сәкидің «Бейбарыс Сұлтан» және Морис Симашконың «Сұлтан Бейбарс» кітаптарына шолу жасалды.

Ежелгі заманнан қазірге дейін шетел оқымыстылары мен ғалымдары да Бейбарыс Сұлтан туралы сөз қалдырған. Мәселен, XIV ғасырда өмір сүрген араб ғалымы Ибн Кәсир «Бейбарыс Сұлтан Алла рақым еткір, өте сергек, айбынды, жауларына күні-түні тыныштық таптырмайтын ержүрек болатын. Ислам дұшпандарымен аянбай күрескен жаужүрек жолбарыс» деген сөз қалдырған. Шарада Бейбарыс Сұлтан тұлғасын әлемдік деңгейде зерттеу мәселесі де қозғалды.



## МУЗЫКАЛЫҚ ДЕМАЛЫСҚА ШАҚЫРАДЫ

Республиканың жетекші шығармашылық жоғары оқу орындарында және шетелдегі беделді оқу орындарында оқитын дарынды қазақстандық студенттердің «Астана Опера» театрының камералық зал сахнасында өнер көрсетуі игі дәстүрге айналған. Ертең «Астана Операдағы» музыкалық демалыс» жобасы аясында олардың екінші концерт өтеді.

Концертте П.Чайковский атындағы Мәскеу мемлекеттік консерваториясы, Н.Римский-Корсаков атындағы Санкт-Петербург мемлекеттік консерваториясы, М.Глинка атындағы Новосибир мемлекеттік консерваториясы, Екатеринбург қаласындағы Орал мамандандырылған музыка мектеп-колледжі

және басқа да оқу орындары студенттерінің орындауында отандық авторлар мен классик композиторлардың шығармалары шырқалады. Қатысушылардың барлығы да жас әртістер – беделді халықаралық байқаулардың лауреаттары.

Атап айтқанда, халықаралық байқаулардың лауреаттары Марта Набатова

(сопрано), Алмаз Раисов (тенор), Мария Шавельская (фортепиано), Мәдина Мұсабекова (гобой), Диас Муратов (кларнет), Ернар Сәлімбаев (кларнет, бас-кларнет). Фортепиано партиясы – Гүлжанат Жаңатаева, Жаңыл Рахымбекова, Мәдина Такеева.

Концертте В.А. Моцарттің «Фигароның үйлену

тойы» операсынан Сюзаннаның ариясы, Г.Гендельдің «Юлий Цезарь» операсынан Клеопатраның ариясы, С.Скотт, Дж.Россини, П.Чайковский, Ф.Шопен, С.Рахманинов, Ф.Пуленк, И.Брамс, Д.Беннет шығармалары мен қазақтың халық әні «Ахау, керім» әуелейді.

Концерт сағат 19.00-де басталады.



## ДӘСТҮРГЕ ТОЛЫ ӨМІРДІ БЕЙНЕЛЕЙДІ

Ертең Ұлттық музейде Қазақстанның еңбек сіңірген мәдениет қайраткері, Суретшілер Одағының мүшесі, көптеген халықаралық және республикалық көрменің қатысушысы Яссауи Ағытаевтың «Дәстүрге толы өмір» атты жеке көрмесі ашылады.



Суретші картиналары Ә.Қастеев атындағы өнер мұражайы, Ұлттық музей, Өскемен қаласының тарихи-өлкетану мұражайы, Қызылорда тарихи-өлкетану мұражайы қорлары мен Ресей, Америка, Канада, Франция, Германия, Кипр елдерінің жеке коллекционерлерінің қолында сақталған.

Яссауи Ағытаев – ғасырлар бойы көшпенділер мұрасы мен Орталық Азияның түрлі мәдениеттерінің ықпалымен қалыптасқан дәстүрлер мен құндылықтардың бай палитрасын қамтитын қазақ әдет-ғұрыптарына арналған жанрлық композициялардың шебері.

Қылқалам шеберінің картиналарындағы көркемдік формалар дәстүрлі күнделікті өмірден бастау

алады. Суретшінің картиналарында көрсетілген көріністер қоғамның мәдени сипаты мен құндылықтары туралы түсінік береді. Шебер шығармашылығының әрбір элементі қазақ халқының өмірімен, туған өлке табиғатының қайталанбас әсемдігімен тығыз байланысты. Бұл көрме қарапайым адамдардың өмірінің энциклопедиясына иллюстрация бола алады. Суреттерде жиі бейнеленген сөз балшық уақытты тоқтауға және мұқият тыңдауға итермелейді.

Көрмеге 72 жұмыс қойылады. Сағат 16.00-де ашылатын экспозиция Ұлттық музейдің 6 қабатында орналасқан Уақытша көрме залында 28 шілде-27 тамыз аралығында өтеді.

Бетті дайындаған  
**Аманғали ҚАЛЖАНОВ**